№40 (46) / қаңтар / 2022

SARASÓZ



НИЗАМИ ГӘНЖӘУИ

Директор-Бас редактор
Гүлжаз ҚАРЫБЕК

Бас редактордың орынбасары
Гүлсім ЕЛУБАЙ

Дизайны: **Бекжігіт Сердәлі**
Қатегері: **Мөлдір Тәукебаева**
SMM-менеджер: **Еңлік Қалдархан**
Суретші: **Мұрат Шаханбай**

Редакцияның мекен-жайы: Түркістан қаласы, Бортөбе көшесі, 33-үй.
Тел: +7 702 839 86 88, электронды пошта: gulastana100@mail.ru

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы куәлігі №16302-ж 17.01.2017 ж. берілді
меншік иесі:
ЖК «Қыдықбекова Г.К.»

Журнал «Print houze Gerona» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Алматы қаласы, Сәтпаев көшесі, 30 А/3-үй

Мақала авторының көзқарасы редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. «Сарасөзде» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, журналға сілтеме жасалуы міндетті

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы

Таралымы: 5000 дана

Журналға суретші Михаил Гусейн оглы Абдуллаевтың суреттері пайдаланылды

8-БЕТ



ТҮБІ БІР ТҮРКІЛЕР

НИЗАМИ ТАҒЫЛЫМЫ - түгел түркі баласына тәлімгер

17-БЕТ



ТҰЛҒА

ӘЛЕМГЕ ӘЗІРБАЙЖАНДЫ ТАНЫТҚАН АЛЫП

28-БЕТ

Таңдандырған TÜRKSOY



38-БЕТ



ТАМЫЛЖЫҒАН ТҮРКІ ҮНІ

ТҮРКІ әлемінің жауһарлары

БАСТЫ СӨЗ, БӘТУА УӘЖ

ҚАП ТАУЫНДАҒЫ ҚЫРАН ЕЛ - ӘЗІРБАЙЖАН

ДҮЙСЕН ҚОРАБАЙҰЛЫ ҚАСЕЙІНОВ

TÜRKSOY ҰЙЫМЫНЫҢ БАС ХАТШЫСЫ



«Бақыттың қазынасына жету үшін,
Пайдалан сөздің әркез өздік күшін».
Низами Гәнжауи.
әзірбайжанның ойшыл шайыры.

Мені шығармашылық адамы ретінде шығыстың шоқжұлдыз шайырлары әрдайым айрықша қызықтырып келеді. Жарық жұлдыздардың бірі – әзірбайжан перзенті, асқаралы ақын Низами Гәнжауи (Ілияс ибн Жүсіп Низами (17.8.1141, Гәнжа қаласы)).

Тарихы тым терең, жазу әліппесі біздің дәуірімізге дейінгі IV-VII ғғ. бастау алған әзірбайжан халық ауыз әдебиеті– ең ежелгі әдебиеттердің қатарына жатады. Ертеде құлдармен жаулап алынған Әзірбайжанда әдеби тіл – араб тілі болған. Қадым заманның заңғар ақындары Хатиба Тебризи мен Катрана Тебризидің шығармалары бүгінге дейін жетті.

Жасыратыны жоқ, Қап тауындағы қыран ел – Әзірбайжанның әлемге танытқан, төл заманының ең өрісті ойларын айқын бейнелеген дәуірлердің ең ірі ақыны Низами Гәнжауи болды.

Бағалы поэмалары және лирикалық өлеңдерімен әзірбайжан әдебиетінде романтикалық қиссалар жанрының көшбасшысы

Низами Гәнжауи Шығыстың ірі ақындары ізбасарлары атанған әдеби мектеп құрды. Низами мен оның замандастары өз туындыларын сол уақытта Шығыстың көптеген елдерінде әдеби тіл болған парсы тілдерінде жазды. Дегенмен, Низами әзірбайжан тілінде үлкен өлеңдер жинағын құрған бірінші әзірбайжан лиригі болды. Араб пен парсы тілдерін – туған әзірбайжан тіліне ауыстыруға көп қызмет еткен тағы бір шайыр Физули еді.

XIX ғасырдың ағартушылық әдебиетінің алғашқы өкілдері А.Бакиханов, Мирза Шафи Вазех, М.Ахундов болса, XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында Д.Мамедкулизаде, Н.Нариманов, М.Сабир демократиялық бағытты ұстанды. Кейін ол лекке Самед Вургун, Али Велиев, Мирза Джалал және т.б. қосылды.

Негізі, орта ғасырларда мәдениет пен ғылымның гүлденген кезеңін шығыс жұрты бастан кешірді. Мұсылман әлемінің ғылымы мен мәдениеті – Батыс ғылымының қалыптасуына зор ықпалын тигізгенін ғалымдар мойындады. Батыс ғалымдары ежелгі грек ойшылдарының еңбектерін әл-Фараби түсініктемелері арқылы оқыды. Әл-Фарабидің «Адамзат тәртіппен, жарастықты жәрдеммен, үнемділік өлшеммен, ынсаппен өмір сүруі керек», – деген философиялық тұжырымы түркі әдебиетінің негізгі ұстанымдарымен біте-қабысты.



X-XIII ғасырлардағы шығыс әдебиеті ислам дінімен тығыз байланысып, Иран, Әзербайжан, Орта Азия, Солтүстік Индия, Греция т.б. елдердің ежелгі мәдени мұралары ортағасырлық араб мәдениетімен ұштасуы арқылы тың бағытта дамыды әрі орта ғасырдағы мұсылмандық өркениеттің қалыптасуына арабтармен қатар, өзге де мұсылман елдері мол үлес қосты.

Ислам діні халықтарға тың мәдениет алып келіп, ислам негізінде татымды әдебиет қалыптасты. Расы, ислам мәдениетінің түркі топырағында өркендеуі – Түркі ренессансын (қайта жаңғыру, түлеу, өркендеу) туғызды.

Шығыс жерінде түп-төркінін ежелгі аңыздардан (миф) табуға болатын («Мінсіз кейіпкер», «Сарай салдырған қыз», «Иранбақ», «Жазира арал», «Кейіпкер жанының гүлге (шөпке) ауысуы» т.б.) арабтың діни әдебиеті – қисса-дастандар арқылы тарай бастады. Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалардың өзара мәдени, әдеби байланыстарының артуы да – түркі халықтарының әдебиетіндегі ояну кезеңінің тууына басты себептердің бірі болды. Әдебиеттегі түркі халықтарының оянуының алғашқы кезеңдері X-XII ғасырларда Баласағұн мен Махмұт Қашқари т.б. еңбектерінен көрініс берді. Түркі әдебиетінің тарихындағы шоқтығы биік белестің бірі – Алтын Орда дәуіріндегі қисса-дастандар дүркіреген әдебиет екендігі сөзсіз.

«Қисса – араб тілінде ертегі, әңгіме, мысал деген мағына береді. Қазақ әдебиеттану ғылымы шығыс сюжетінің негізінде жазылған дастандарға, жырмен баяндалған ертегі хикаяларға «Қисса» деп айдар тағып, кейде «хикая», «хикаят» деп атайды.

Басты қаһармандары – жеке басы бостан, ғылым меңгерген, шеберлігімен жұртты сүйсіндіретін өнерпаз, парасатты, мейірбанды жандар болып келетін шығыстық қисса-дастандардың негізгі түйіні – адамның абзал қасиеттерді мойындау мен қастерлеу. Поэтикалық бояуы қанық, теңеу, баламалары бай, (көбіне аспан денелеріне теңейді) әсірелеу күшті қисса-дастандарда жағымды кейіпкер мінсіз жасалса, жағымсыздың сыртқы түрі мен ішкі мазмұны сәйкес болып келеді. Мысалы, Низами Фирдоусидің «Шахнамасынан» нәр алып, алайда, қайталамауды мақсат тұтты. Ақиқаты да сол: «Хұсрау-Шырын» поэмасында Низами шығарманың сыртқы келбетінің өзін Фирдоуси дәстүрінен алшақ алып, оны еш қайталамайды; керісінше, Хұсрау мен Шырынның өзара өзекті махаббаты кеңірек тілге тиек етіледі. Низамидің ізімен жырлаған алтынордалық Құтыб ақынның «Хұсрау-Шырыны» бізге 1383 жылы Мысырда Беркефакихтің жазбасы арқылы жеткен. Құтыб жырлаған поэма 4740 бәйіттен, ал, Низамиде 7000 бәйіт бар екен. Құтбтың «Хұсрау мен Шырын» дастаны Алтын Орда жерінде қыпшақ-оғыз аралас тілінде жазылған.

Құтбтың «Хұсрау мен Шырын» дастанының желісі бойынша, Иран елінде бір қарт патшаның Хұсрау деген жалғыз ұлы көп оқып, әдепті жігіт болып ержетіпті. Патша ұлының Шапур деген суретші досы бір күні Хұсрауға әділ патша Мехинбану мен оның жиені – сұлу Шырын жайында әңгіме айтып бергенде, Хұсрау Шырынға бірден ғашық болып қалады да, досы Шапурды алыстағы Шырынның еліне сөйлесуге жібереді. Шапур



Шырынның серуендейтін бағында Хұсраудың Шырынға жіберген жүзігін береді. Ақыры, екі ғашық екі елдің шекарасында кездеседі. Нақ сол кезде Хұсраудың әкесі қайтыс болғаны туралы хабар жетіп, Хұсрау дереу өз еліне аттанып кетуге мәжбүр болады. Елінде дұшпандары оған қарсы шығып, әкесінің тағына отырғызбай қояды. Хұсрау амалсыздан қыздың еліне қайтады.

Ақырында, Хұсрау әкесінің тағына отырғанда, Мехинбану дүниеден өтіп, патша тағына Шырын отырады. Шырын мемлекетті әділдікпен, білгірлікпен басқарып, елдің дәулеті артып, гүлдене түседі.

Патша Шырын Фархад атты атақты ұста жігітті шақырып, шөл далаларды суландыратын каналдар қаздырады. Фархад Шырынға ғашық болып қалады да, бұған қатты ашуланған Хұсрау Фархадты құртпақ болып, Фархадқа мынадай шарт қойып: «Ей, Фархад, сен сонау төбесі көк тіреген Бесотын тауын қақ жарып, әскерім өтетін жол сал. Сонда ғана Шырын сұлу сенікі болады», – дейді.

Фархад патшаның бұл шартын мүлтіксіз орындағанда, Хұсраудың зәресі қалмай, Фархадқа бір жалмауыз кемпір арқылы «Шырын өлді» деген суық хабар жібереді. Мұндай әділетсіз қатты қайғыға Фархад шыдай алмай, өзіне-өзі қол салады.

Сосын, Хұсрау Шырынға барып, кешірім сұрап, әлі де ғашық екенін айтады. Бірақ, Шырын асықпай, Хұсрауға көп ақыл-кеңес айтып, Хұсрау тозып кеткен өз мемлекетін тәртіпке келтіреді: қалалар гүлденеді, әділетті билік орнайды. Бірақ, Хұсраудың Мариямнан туған баласы – Шеруя сарай әкімдерімен астыртын сөз байласып, Хұсрауды қапылыста ажалға тігеді. Әкесін өлтірген Шеруя Шырынға үйленбекші болғанда, Шырын махаббатын аяқасты етпей, қоластындағы құлдардың барлығын азат етіп, мал-мүліктерін кедейлерге үлестіріп, Хұсраудың қабірінің басында өзіне-өзі қанжар салады...

Шырын – өз еліндегі сұлу қыз, адал жар ғана емес, ол – әділ патша, халық қамқоршысы әрі Хұсраудың мемлекетінде де әділдік пен тыныштық, дәулетті тұрмыс-тіршілік орнатуға барынша күш салған, өзге елдің патшасын тәрбиелеген мейірбан жан.

Құтбтың қыпшақ-оғыз тіліне жазған «Хұсрау-Шырын» дастаны – Низамидің озық ойпікірлерін дәріптей отырып, Алтын Орданың ішкі-сыртқы қоғамдық-әлеуметтік мәселелерін зор шеберлікпен суреттейді.

Жалпы, Хұсрау мен Шырын жайындағы аңыздарға құрылған елуден астам дастан бар көрінеді. «Хұсрау-Шырын» – кейіпкерлердің жеке тұлға ретіндегі шынайы мінездемесін аша білген шығыс әдебиетіндегі тұңғыш туынды. Орта ғасырдағы шығыстық қисса-дастандар әдебиет тарихында нәзира дәстүрімен бірге туып, X-XIY ғасырдағы түркі оянуының әдебиеттегі көрінісі ретінде пайда болды. Демек, Орта ғасыр қиссалары – діни, ғашықтық, батырлық т.б. тақырыптарға жазылған дастандарға жол ашты. Хұсрау мен Шырын арасындағы мөлдір махаббат туралы аңыз-әпсаналар Таяу және Орта Шығыс, Дешті Қыпшақ, Қап таулары мен Орта Азияда көне замандарда кең тараған.

Әлем тарихында өшпес із қалдырып, Низами Гәнжауиді әлемге танытқан шығарма – «Хамса» (Бестік»): «Хамса», «Ләйлі-Мәжнүн», «Хұсрау-Шырын», «Жеті ару», «Ескендірнаме».

Діни сарын ескенімен, тереңінде гуманистік мақсатты көздеген «Ләйлі-Мәжнүн», «Хұсрау-Шырын», «Сырлар қазынасы» пәлсапалық пайым жауһарларында Низами Гәнжауи – билікті халқына шынайы әділ болып, қамқорлық жасауға үндейді.

Низамидің «Хұсрау-Шырын» дастаны – екі араб аңызының негізінде жазылса,

Бахрам Гур шахтың тағдырына негізделген «Жеті ару» мен «Ескендірнаме» – сарай маңындағылардың қарқаулығы мен зұлымдығын, қара халықтың ауыр тұрмысын сөз ете отырып, шахтың жеңіл мінезді шахзададан – жолсыздық пен зұлымдыққа қарсы күресі арқасында ақылды да әділ патшаға айналғандығын шынайы суреттейді.

Низами Гәнжауи – қай жанрдың да өнегелі шебері. «Ескендірнаме» – заманның зары мен тарихтың қаһарын ашық айтып, Ескендір патшаның адалдығы мен қайсарлығын, әділдігі данышпандығын дәріптесе; «Ләйлі-Мәжнүн» шығармасында – әйел теңдігін, махаббатты, адамгершілікті, ақыл-ойды алға шығарып, эстетикалық тәрбиенің негізін салады.

Шыншылдығы, турашылдығы, қарапайымдылығы, әсерлілігі, баурағыштығы басым «Шарапнаме» мен «Ықыласнаме» – Низами Гәнжауидің беделін биіктете түсті.

Әзірбайжан халқының қаһарман ұлы Низами Гәнжауидің аса қазыналы мұраларын – Жүсіп Баласағұн, Ахмед Йассауи, Әлішер Науаи, Омар Хайам, әл-Беруни, әт-Туси, әбу Бәкір ән-Нашрах сынды алыптар жалғастырып, біздің дәуірімізге жеткізді.

Әрбір сөзі мен ойы – таза адамгершілікке, әсте әділдікке, ыстық ынсапты болуға, туған жерді туған анаңдай жақсы көруге, қара бастың қамынан – халықтың мүддесін жоғары қоюға, өнер-білім игеруге, махаббатқа адал болуға үндейтін арқалы шайыр Низами Гәнжауидің туындыларының ауқымы – Қап таулары мен Тұранның текті топырағынан бастау алып, Көз жетпейтін қияндағы күллі Қиыр Шығысқа жеткен аса кең шартарапты кеңістік.

Түтіні түзу шыққан түркі жұртының бір құтты шаңырағы, расында, Қап тауындағы қыран ел – Әзірбайжан. Қайсар қыранның қанаты талмай, заңғарларға жарқырай шырқасын!











САРАСӨЗ
www.sarasoz.kz

ТҮБІ БІР ТҮРКІЛЕР

НИЗАМИ ТАҒЫЛЫМЫ - түгел түркі баласына тәлімгер

Агалар Рагим оғлы АТАМОГЛАНОВ,

Әзірбайжан Республикасының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі



Әзербайжан мен қазақ халықтарының сонау ертеден келе жатқан тарихы бай тамыры терең достығы екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастардың қалыптасуында маңызды кезеңді құрайды.Біздің рухани байланыстарымыздың болашағы зор. Бір атаның шапанының астынан өрбіген екі ел күллі рухани құндылықтарымызды сақтай алдық. Біздің армандарымыз бен мақсаттарымыз, қуанышымыз бен жетістіктеріміз, мақсатымыз бен мүддеміз – ортақ, қайғымыз бен қиыншылығымыз да – ұқсас. Әзербайжан да, Қазақстан да ТҮРКСОЙ, Түркі мәдениеті мен мұрасы қоры, Түркітілдес елдер Парламенттік Ассамблеясы, Халықаралық Түркі академиясы, Түркі мемлекеттерінің Ұйымы (Түрік Кеңесі) сияқты ұйымдарға мүше болып келеді.

Келесі жылы біздің елдеріміз арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастардың орнағанына 30 жыл толады. 1992 жылдың 30 тамызында алтын бастауын алған Әзербайжан Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасында дипломатиялық қарым-қатынас - нағыз достық пен бауырластықтың үлгісіне айналып, екі елдің ғасырларға жалғасқан көрегендігі мен даналығы біздің берекелі байланысымыздың көкжиегін кеңейтіп, болашағын айқындап берді. Дипломатиялық қарым-қатынас орнағалы бері елдеріміз экономикалық ынтымақтастық орнатып, гуманитарлық және мәдени құндылықтармен алмасып, тығыз саяси диалог жүргізуде.

Біздің құқықтық базамыз мемлекетаралық, үкіметаралық және ведомствоаралық сипаттағы 100-ден астам құжатты қамтиды. Халықаралық күн тәртібіндегі барлық негізгі мәселелер бойынша ұстанымдарымыз бен көзқарастарымыз ұқсас. Бір сөзбен айтқанда, біз өмірдің барлық саласында белсенді түрде өзара әрекет жасаймыз. Бұл сауда-экономикалық қарым-қатынастарға, ғылым, мәдениет, білім, туризм және экология саласындағы байланыстарға да қатысты.



Отыз жыл ішінде орасан зор жұмыстар атқарылды. Қаншама зауыттар мен кәсіпорындар іске қосылды, инфрақұрылымдық және транслогистикалық жобалар жүзеге асырылды. Өз тәуелсіз мемлекеттерін құра білген екі бауырлас ел – Әзербайжан мен Қазақстан дамудың даңғыл жолымен нық қадам басып келеді. Біз әлемдік қауымдастық елдерімен тең құқылы қарым-қатынас орнаттық. Ауқымды инфрақұрылым мен трансұлттық жобаларды жүзеге асырған еліміз Еуразиядағы транзиттік елдерге айналды.

Әзербайжан ұлттық идеяға негізделген тәуелсіз ұлттық экономикасын, ішкі және сыртқы саяси бет-бейнесін қалыптастырып үлгерді. Әзербайжан үшін ең ауыры әрі жауаптысы: Қарабақ қасыреті болды... Өздеріңізге белгілі, Әзербайжан Республикасы аумағының 20 пайызы басқыншылыққа алынып, миллионға жуық әзербайжандықтар туған жерлерінен күштеп қуылған болатын. Біздің еліміз қай кезде де жанжалды халықаралық құқықтың көпшілік мойындаған нормалары шеңберінде келіссөздер жүргізу арқылы бейбіт жолмен шешуді жақтаушы болып табылады. Халықаралық ұйымдарбасып алынған аумақтарданармян әскерініңдереу, толығымен және сөзсіз шығарылуын талап етсе де, біздің жерлеріміз қайтарылмай басқыншылық астында қала берді. 44-күндік Отан соғысының нәтижесінде біз Арменияның 30 жылға жуық созылған басқыншылық саясатына нүкте қойып, аумақтық тұтастығымызды қамтамасыз етіп, бір миллионға жуық әзербайжанның құқығын қалпына келтірдік. Бүгін біз бейбіт өмірді қалпына келтіру үстіндеміз. Әзербайжан тарапымен достық қарым-қатынас орнатқан елдердің компанияларын, оның ішінде Қазақстанды азат етілген аумақтардағы қалпына келтіру жұмыстарына қатысуға шақырдық. Бұл мәселе Әзербайжан мен Қазақстанның тиісті ведомстволарының қарауында.

Еуразияның орталығында орналасқан Қазақстан өзінің ұлан-байтақ жерінің, бай табиғи ресурстарының, қуатты экономикалық және өндірістік әлеуетінің арқасында аймақтағы ең қуатты мемлекеттердің біріне айналды. Қазақстан Республикасы тұрақты даму үшін күштерді біріктіруді және жаңа технологияларды игеруде әріптестікті орнатуды көздейтін экономикалық, гуманитарлық, мәдени және экологиялық ынтымақтастыққа баса назар аударуда. Осы жерде «Жасыл технологиялар мен инвестициялық жобалардың халықаралық орталығының» табысты жұмыс істеп жатқанын атап өткім келеді. Демек, Дүниежүзі Түркі әлемінің геосаяси әлеуетін тиімді пайдалануы керек. Жоғарыда атап өтілгендей, бүгінгі күні Әзербайжан кенттенудің ең заманауи үрдістерін ескере отырып, елдің азат етілген аумақтарын қалпына келтірудің кешенді бағдарламаларын әзірлеуде. Бұл аймақтарда жаңа елді мекендер салынып, ірі инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылу жоспарланып, Қарабақ пен Шығыс Зәңгезүрде «жасыл энергетикалық аймақты» құрудың егжей-тегжейлі тұжырымдамасы әзірленді.

Мәдениет, ғылым, білім салаларында елдеріміз арасында тығыз әріптестік байланыстар орнатылып, ортақтарихты танып-білуде білікті шаралар жүзеге асуда.Қазақстандағы ірі университеттердің базасында Әзербайжанның бірнеше тарихи және мәдени орталықтары орналасқан, соның ішінде Нұр-Сұлтан қаласында Гейдар Әлиев атындағы аудитория бар. Олар бауырлас екі елдің ортақ мүдделеріне қызмет ететін, жас ұрпақтың жадында ортақ тарихты жаңғыртатын өткені мен болашағы арасындағы алтын көпір іспеттес. Әзербайжанда Абай Құнанбаевты

еске алу әрқашан ерекше құрметке ие. 2011 жылы Баку қаласының көшелерінің біріне Абай атамыздың есімі беріліп, Баку мемлекеттік университетінде Абай Құнанбаев атындағы орталық жұмыс істей бастады. Екі елдің елшіліктері бауырлас екі халықты жақындастыру мақсатымен жыл сайын көптеген мәдени іс-шаралар өткізіп отырады.

Тарихи тұлғалардың бізді біріктірудегі рөлі – орасан. Осындай түркінің таутұлғасының бірегейі – туғанына 880 жыл толған әзербайжан ақыны Низами Гәнжауи,



Ілияс ибн Жүсіп Низами (17.8.1141, Гәнжа қаласы).Оның басты мұрасы – «Хамса» («Бес кітап»): оған «Құпиялар қазынасы» (1173-80), «Хұсрау- Шырын» (1181), «Ләйлі-Мәжнүн» (1188), «Жеті сұлу» (1197) және «Ескендірнама» (1203) атты бес дастан енген. Әзербайжан халқы үшін Низами тарихи-рухани құндылықтар мен бірегейліктің шамшырағы болып табылады. Низами Гәнжауи өмір бойы сол кездегі маңызды мәдени орталықтардың бірі саналатын көне әзербайжандық Гәнжа қаласында өмір сүріп, жұмыс істеді, дәл осы жерде Таяу және Орта Шығыстың философиялық-әлеуметтік және көркемдік-эстетикалық тарихын байытқан сөз өнерінің тамаша інжу-маржандарын шығарды. Низами өмір бойы Гәнжадан шықпай, осындай жауһарлар тудырғанын, нәтижесінде олар тек әзербайжан, түркі, шығыс әдебиетінде ғана емес, әлемдік әдебиетте де елеулі құбылыс болғанын атап өткім келеді. Низами өмірімен байланысты оқиғаларды айта отырып, Низами Гәнжауидің тағдыры мен шығармашылығында Дербент билеушісі сыйға тартқан сүйікті жары - Афагтың қандай маңызды рөл атқарғанын атап өткен жөн. Дербент билеушісінің өтініші бойынша Низами жауһар – «Ләйлі мен Мәжнүн» дастанын жазды. Дастан билеушіге ұнағандықтан, билеуші ақынға жас тұтқын Аппақ деген қыпшақ әйелін сыйлайды. Низамидің әсем өлеңдері, философиялық толғаулары бүгінгі күні де өзекті, кейінгі ұрпаққа да даналық. 20 тараудан тұратын діни-философиялық «Құпиялар қазынасы» поэмасында шайыр ел билеушілерін әділ болуға және қарпайым көпшілікке қамқор болуға шақырады. «Ләйлі–Мәжнүн» – көне араб аңызының сюжеті негізінде жазылған. «Жеті сұлу» – Bahram Gur shah жөніндегі аңызға негізделіп, оның жеті әйелінің әңгімесі арқылы мазмұндалып, патшаның әділдік жағында болуы мен зұлымдыққа қарсы күресі суреттелген. «Ескендірнама» немесе «Даңқ» кітабында Ескендір – данышпан, әділетті патша ретінде бейнелеген.

Низами, қазақ тарихымен, мәдениетімен, әдебиетімен тығыз байланысты. Бұл байланыс, ең алдымен, қазақ әдебиетінің негізін салушы Абай Құнанбайұлының Низами шығармаларына жүгіне отырып, оның ішінде «Ескендірнаме» поэмасының шығармашылық ықпалымен өзінің «Ескендір» (яғни, «Искандер») поэмасын жазуынан аңғарылады. Низами ықпалы Абайдың басқа өлеңдерінде – «Әзім әңгімесінде» және «Масғұдта» да сезіледі. Абай көне Шығыстыңшеберлері мен ойшылдарының, соның ішінде Низамидің де мұрасын терең түсініп, бағалаған, оларды өзінің ұстазы ретінде санаған. Сондықтан Низами мұрасы қазақ ағайындар арасында қашанда жоғары бағаланған.

Әзербайжан ақындарының шығармашылығы, оның ішінде, ең алдыменНизами мұрасы қазақ әдебиеті мен мәдениетіндежылдан-жылға көбірек дәріптеліп келеді деп айта аламыз. 2021 жыл Президент Ильхам Әлиевтің жарлығымен Әзербайжанда Низами Гәнжауи жылы деп жарияланғанын айтып кеткен жөн. Ұлы Низамидің 880 - жылдық мерейтойы қазақ әдебиетіндегі Низами шығармашылығының ерекшеліктерін зерттеуге бұдан да зор серпін беріп, ұлы әзербайжанның шығармашылық мұрасын қазақ тіліне аударуға ынталандырды.

Қазақстанда менің Елші ретінде қызметте болған қысқа мерзім аралығында ұлы ойшыл ақынның шығармашылығына арналған түрлі шараларға қатысудың сәті түсті. Низами шығармашылығына деген қазақ халқының мұндай жоғары ықыласы бізді қуантпай қоймады. Бауырлас халықпыз деп бекер айтпаймыз. Әзербайжан-қазақ фольклорлық

және мәдени байланыстары ежелден келе жатыр. Жақында мен Низами Гәнжауидің 880 жылдығына, сондай-ақ басқа да түркі халық әдебиетінің классиктерінің,оның ішінде, Әлішер Науаидың 580 жылдығына, Жүніс Әміренің дүниеден озғанына 700 жыл болуына орайХалықаралық Түркі Академиясымен ұйымдастырылған «Шығыс шоқжұлдызы» атты конференцияға қатыстым. Ұлы ойшылдарымыздың мұрасы түркі халықтарын байланыстыратын алтын көпір қызметін атқаруда.

Мен ұлттық болмысымызды сақтау жолында тарихи, мәдени, рухани бастауларды зерттеп, келешек ұрпаққа жеткізуге күш салатынымызға сенімдімін.









ТҮРКІ ТҰҒЫРЫ

ЖАУҺАР жырдың ТӘЖІН киген

Дархан ҚЫДЫРӘЛІ,

Халықаралық түрік академиясының президенті



Қап тауының қаз мойнына ақша бұлттарды шәлідей орап, жасыл пүліш орманды арқасына жамылып, дүрия етегін арынды асау өзеніне малған кербез де қайсар келбеті туралы аңыз-әпсана, ғажайып хикаялар қазақ арасында ежелден жыр болып айтылып, сыр болып сақталып, керуен-керуен жылдардың көшімен көкейге сіңісті болған.

Ондағы перілер мен диюлар, самұрық пен сан алуан алыптар, арасан бұлақтар мен мәңгі сарғаймайтын балғын құрақтар талай ертегіге жүк болған. Осынау Қап тауынан да иығы асқақ, қазыналы жұмбағы қатпарлы, ар-намысы айбынды, бекзат та тәкаппар даңқымен, ізгілікті иірімімен әлемдік әдебиетте түркі халықтарының мәртебесін аспандатқан бауырлас әзербайжан халқының сүйікті перзенті, әлем әдебиетінің көрнекті өкілі, данышпан ақын Низами Гәнжауидің өмірге келгеніне биыл 880 жыл толып отыр. Соған орай, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев 2021 жылды «Низами Гәнжауи жылы» деп жариялады.

Низами Гәнжауи (1141-1209) – әзербайжан халқының классик ақыны, түркі әлемінің ұлы ойшылы. Ол 1141 жылы қазіргі Әзербайжанның Гәнжа қаласында дүниеге келген. «Гәнжауи» – оның лақап аты, шын есімі – Ілияс ибн Жүсіп Низами. Гәнжашәй өзенінің алқабында орналасқан көрікті Гәнжа шаһары

орта ғасырда мәдениет пен білімнің, сауда мен қолөнердің гүлденген орталығына айналады. Кавказ, Таяу Шығыс, Орта Азия елдерімен тығыз қатынаста болған Гәнжада сол заманда үздік өнерге ие болған атақты шайырлар мен ойшылдар, қылқалам, құснихат шеберлері, зергерлер мен сәулетшілер бас қосады. Ақынның әкесі әуелі Иранда, кейіннен Гәнжа шаһарында өмір сүреді.

Низами жастайынан ғылым-білімге құштар зеректігімен көзге түсіп, математика, медицина, музыка, бейнелеу өнері, ислам философиясы, фикх, астрономия, жұлдызнама, алхимия, ботаника, теология, ислам, христиан, иудаизм, зороастризм, мани ілімі, мифология, үнді мен антикалық мәдениет мирастары және басқа да салаларды терең меңгеріп өседі. Оның



сол дәуірдегі ғылымды жан-жақты меңгерген ғұлама екендігі өлеңдері мен дастандарынан айқын көрініп тұрады:

Оқыдым арабшаны, Дариды да,
Үңілдім Бұхари мен Табариға.
«Жырларым ағат, қате болмасын» деп,
Аштым мен, кітаптардың
қоймасын көп.
Пехлеви қоймасынан бума таптым,
Ізетпен әр параққа шырақ жақтым.
Көненің көп кітабын тауысқанда,
Қаламым қанат қақты алыстарға.
(Аударған Қ.Бекқожин).

Ол өлеңдерін түрік тілімен қатар, араб, парсы тілдерінде жазған. X-XII ғасырларда елдің әлеуметтік-саяси өміріне дағдарыс пен қиыншылық әкелген Иран, Кавказ, Тұран билеушілерінің тақ таласын өткір сынап, елдің арман-мұңын, ізгілік пен махаббатты парасат шуағына өрнектеп шебер жырлаған Низамидің әлемге әйгілі «Хамса» топтамасына енетін бес дастаны және лирикалық өлеңдер диванының жеке бөлімдері, 6 қасида, 116 ғазел, 2 қыта, 30 рубаи және басқадай туындылары бүгінге жеткен.

Ақынның жаһар туындылары Шығыс пен Батыс поэзиясының дамуына орасан зор ықпалын тигізді. Әсіресе, Хафиз Ширази, Жалал-ад-дин Руми, Сағди сынды ақындар оның нәрлі поэзиясынан сусындады. Мысалы, Әмір Хұсрау Дехлеуи, Әлішер Науаи, Абай, Гёте тағы басқа ақындардың дастандары Низамидің әсем әлемінен тамыр тартып өрбіді. Шығыс шайырларының баршасы нәзира үлгісінде Низамиді жаңғыртып қайталайды. «Хұсрау-Шырынды» 1383 жылы Сарай Беркедегі қыпшақ Құтып та жырға қосады. Бұл мектептен Батыс классиктері де құр ала¬қан қалмаған. Айталық, «Жеті ару» дастанының «Турандот ханшайым» атты бөлімін неміс ақыны Гёте де жырлаған.

Парсы тілді әдебиетте Сағди, Фирдауси, Анвариді ақындардың пайғамбары десе, Фирдауси жазған «Шахнамадан» асырып «Хамса» жазып, бес дастаннан құралатын жаңа жанрды әлемдік әдебиетке ендіріп, соны бағыт қалыптастырған Низамиді «ақындардың Тәңірісі» деп замана данышпандары аспандатып баға берген, ал оның алдында дүниеге теңдессіз туынды «Шахнамасы» арқылы мәшһүр болған Фирдаусиді «шайырлардың пайғамбары» деп ұлықтаса керек.

Шығыс әдеби дәстүріне жаңа өрнек әкелген ғұлама шайыр Низами өзінен бұрынғы Фирдауси, Санаи секілді ақындардың әдеби мирастарын жалаң жалғастырушы ғана емес, шығармашылықпен ілгері дамытушы, сы¬ни көзқараспен ширатып, соны белеске көтеруші тұлға ретінде дараланады. Ол мөлдір махаббатты, ізгілік пен адал еңбекті, қарапайымдылық пен нәзіктікті, қисапсыз байлық, шексіз билік, тоғышарлық пен қатыгездікке қарама-қарсы қойып жырлап, адам рухының бәрінен асқақ екенін ұлықтайды.

Шайырдың негізгі іргелі шығармасы – «Хамса» («Бес дастан топтамасы»), оған «Сырлар қазынасы» (1173-1179), «Хұсрау-Шырын» (1181), «Ләйлі-Мәжнүн» (1188), «Жеті ару» (1197) және «Ескендірнама» (1203) атты бес дастаны кірген. Низамидің эстетикалық-философиялық соны да күрделі пайыммен үйлестіріп, энциклопедиялық ұшан-теңіз ілім-біліммен нәрлендіріп, қайталанбас әсемдікпен өрнектеген «Хамса» («Бес дастан топтамасы») эпопеясы әлем әдебиетінің алтын қорының төрінен орын алады. Низами Гәнжауидің «Хамса» топтамасы шамамен ал-

пыс мың жол өлеңнен құралады, ақын бұл бес дастанды өмірінің соңғы отыз жылында жазып бітіреді.

«Уа, құдірет, көтер мені құзырыңның қақпасына,

Тәкаппар жұрт есігінде денем шаң боп жатпасын да!», – деп жырлаған шайыр патша сарайының бұлбұлы болуды қаламай, шабытты шығармашылық азат рухты таңдап, серілік пен рухани кемелдену жолын өміріне серік еткен. Оның өлеңдерінен сопылық бағыттың іздері айқын байқалады. Абжад есептерімен Низами аты 1001 деген санға пара-пар, оны да өлеңдерінде сипаттайды.

Низами «Хамсаны» құрайтын «Сырлар қазынасы (Мағзам ул-ас-рар)» дастанын Ерзинжан әкімі Бахрам Шах ибн Дәуітке, «Хұсрау мен Шырынды» Селжұқ сұлтаны Атабек Махаммед ибн Жаһан Пехлеванға, «Ләйлі мен Мәжнүнді» Ширван шах I Ахситанға, «Жеті аруды» Мараға билеушісі Аладдин Көрпе-Арсланға арнайды. «Ескендірнама» дастаны «Шарафнама» және «Икбалнама» атты екі бөлімнен тұрады. «Шарафнама» кітабын Әзербайжан Атабегі Нүсрәтаддин Әбубәкір ибн Мұхаммедке, «Икбалнаме» кітабын Мосул әкімі Мәлік Изаддинге арнайды.



Оның дидактикалық-философиялық ой-пікірлерге толы «Сырлар қазынасы» дастанында ақын адам баласының өткінші фәни жалғанға келуі, ержетіп, ғұмыр кешуі, ақыры сол өмірмен біржола қоштасуы жайында толғаса, «Хұсрау мен Шырын» дастанында адам бойындағы ең асыл қасиет – махаббатты жырлай отырып, сол арқылы ол мемлекетті басқаратын адам қашанда қара қылды қақ жаратындай әділ, ақ ниетті, мейірімді жан болуы керек деген пікір айтады. Ал ғұмыр бойы адал махаббатынан айнымаған Шырын сұлуды Низами ізгіліктің үлгісі етіп мадақтаса, «Ескендірнаме» шығармасында ежелгі аңыз-лақапқа айналған патша Ескендір Зұлқарнайын туралы тарихи бай деректерді көркемдікпен әрлеп, жырға арқау етеді. Қазақтың ұлы ақыны Абайдың «Ескендір» дастанын Низами үлгісіне жақын жырлағанын кемеңгер Мұхтар Әуезов анықтаған.

«Хұсрау-Шырын» дастанының кейіпкерлер жүйесінің өзінде ежелгі заман поэзиясының дәстүрінде кездеспейтін өзгеше жаңа леп, тосын мүсіндеу байқалады. Айталық, дастанның бас кейіпкері әйел, ол – сұлулығы мен даналығы жарасым тапқан Шырын. Оның даналығы ел билеген патшалардан да артық, нәзік сезім, терең парасат, адал махаббаттың иесі. Мұндай ару бейнесі сол дәуірде әлемдік әдебиетте кездеспейтін сирек құбылыс. Байлығы мен билігі шексіз, бірақ, көркем мінезді жомарт патша Хұсрауға қарсы қойылған кейіпкер де соны, ол – қарапайым еңбек адамы, тас қашаушы Фархад. Оның алып денесі мен ізгі көңілі адал еңбек иесінің мәртебесі патша тағынан да, қисапсыз қазынадан да асқақ екендігін танытып, данышпан Низами гуманистік рухты, адалдық пен еңбекқұмарлықты, мөлдір махаббатты барша құндылықтан артық бағалап, адамзатқа үлгі еткендігін дәйектейді.

«Хамсадағы» оқиғалар шытырман хикая, қызықты аңыз-әпсана, ширыққан сюжеттік желіге өріліп, оқырманды бейжай қалдырмай тартымдылығымен арбап алады. Шайырдың шеберлігі сол, оның әрбір кейіпкері бір-біріне мүлде ұқсамай, жаңа қырымен, тылсым сырымен, қызу тартыс-таласпен, әр дастанда оқиғалар буырқанып дамумен суреттеледі. Мысалы, Хұсрау патша мен Фархад шебердің кездесуіндегі мынау диалог ежелгі түркі дәстүріндегі айтыс үлгісінде, нақтырақ айтқанда, шешендік дау мазмұнында берілген десек болады:

Хұсрау: – Уа, кімсің сен, қалай білмей келгенмін.

Фархад: – Менің өлкем алыста, достық деген елденмін.

Хұсрау: – Немен сауда жасайды, қияннан келіп қайдағы?

Фархад: – Жүректерін айырбастап, қайғы арқалап қайтады.

Хұсрау: – Жүректерді тастап кету оңай емес екен ғой.

Фархад: – Бұл махаббат әркімге олжа бермес мекен ғой. (Аударған Ө.Күмісбаев).

Данышпан ақынның адамның

кемелденуі мен жүректі әспеттеуі, ізгілік пен махаббатты, адамның ар-намысын, мұқалмас жігеріндәріптеуі,әділеттіқоғамды,қайырымды мекенді арман-аңсар етуі бағзы түркілік «қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын» Жерұйық – Өтүкен әпсанасымен, сонымен бірге, кейінгі Әбу Насыр әл-Фараби мұратымен терең үйлесіп қабысады. Әлбетте, антикалық санаткерлер мен үнді даналарының ой ұшқындары да Низами Гәнжауи өнернамасында айрықша із қалдырғаны аңдалады. Адамзаттың ақыл-ой қазынасының тұнығымен суарылған оның озық туындыларының мәңгілік жасау сыры да осында болса керек. Мәселен, ақынның суреттеуінде Ескендір ел қамын жеген, қара қылды қақ жарған әділетті, мінсіз патша, заманынан озған ойшыл, оның қасында еріп жүрген нөкерлері Аристотель, Валис (Фалес Милетский), Сократ, Пулинас (Аполлоний Тианский), Фурфуриус (Порфирий Тирский), Хермис (Гермес Трисмегист) және Платон.

Ол жаһанды шарлап жүріп Әзербайжанның Барда өлкесінен ару патшайым Нушабе еліне келеді. Ақын Әзербайжан жерінің сұлулығын, Барда қаласының әсемдігін, адамдарының жомарт пейілін құлпыртып айшықтайды. Жиһанкез ол елде тек қана әйелдер өмір сүретінін, ғажайып әділет орнағанына куә болады. Елші болып пішінін өзгертіп жасырынып келген Ескендір патшаны Нушабе ханым біліп қояды, себебі, Зұлқарнайынның суреті сарай қорында бар болатын.

Ол ұлық мейманның құрметіне ұлан-асыр той жасап, дастарқан тартады. Мұндағы ас мәзірі патша мен оның сарбаздарын таңғалдырады. Себебі, Нушабе ханым тағамның орнына, дастарқанға үйіп-төгіп небір асыл тас, жауһарларды жайнатып қояды. Бұған патша қайран қалып, себебін сұрағанда ханшайым былай деп жауап береді:

Сізге тамақ болмаса гауһар-маржан,
Ел тонайсың неліктен салып майдан.
Жылтыраған меруерт, жақұт, лағыл,
Ашыққанға бидайдай болсын қайдан?
Көздің құртын алатын асыл тасқа,
Алданып ашкөз жандар жолдан тайған.
Талай адам аштықтан бұралып жүр,

Соның қамын кім ойлар, патшам, ойлан?! (Аударған А.Тойшанұлы).

«Ескендірнама» дастаны «Шарафнама» (Даңқ кітабы) және «Икбалнаме» (Бақыт кітабы) атты екі бөлімнен тұратыны белгілі. Соңғы бөлімде Ескендір патша әлемді шарлап жүріп солтүстік қиырдан «Ізгі қалаға» тап болады. Бұл ғажайып мекеннің сипаты да Әбу Насыр әл-Фараби трактатында баяндалған әділетті қала-мемлекетке ұқсас болуы түркі ұлыларының арасындағы дәстүр сабақтастығы берік болғандығының бір дәлелі-сынды.

Бұл қалада әрбір адамның құқы тең, билеуші мен бағынушыда айырма жоқ, бай мен кедей деген түсінік жойылған, зорлық-зомбылық атымен жоқ, қожайын мен құл деген болмайды, ауру, аштық пен жалаңаштық жоқ, адамдар қартайғанша бақытты өмір сүре береді, себебі, әділет салтанат құрып, тұрғындар еркіндікпен толық қамтамасыз етілген. Егер қапелімде біреу әділет заңын бұзса, оны адамдар бұл өлкеден қуып жібереді екен. Ежелгі түркінің «Мәңгі ел» әпсанасынан бастау алып бауырлас халықтардың эпикалық санасына арқау болған осы ізгі мекенді Низами асқақтата жырлайды. Оның тұрғындары жиһанкезге былай дейді:

Біздің елде болмайды ұрлық-қарлық,
Қажетсіз боп есіктен құлыпты алдық.
Мұнда жоқ алдап-арбау, өтірік айту,
Қорқыныш, зорлық, қорлық,
кіріптарлық.
Сиырлар ен жайлауды аралайды,
Біреу бағып, оны ешкім қамамайды.
Сенсеңіз, жыртқышқа да зиын біткен,
Арыстан-қасқыр табынға жоламайды. (Аударған А.Тойшанұлы).

Гәнжауидің әлеуметтік-утопиялық көзқарастары, асыл мұраттары көне түркі, орта ғасырлық түркі жазба әдеби мұрасы, халық қазынасымен тығыз астасып жатуы қайран қалдырады. Ол жырына арқау еткен тақырыптарды шығыс классиктерінің баршасы нәзира үлгісі бойынша қайтадан жаңғыртып жырлап, өнегелі мектеп қалыптастырған. Әлбетте, Низами поэзиясының дәстүрлі өрнегі қазақ поэзиясында Шортанбай, Дулат, Абай, Шәкәрім, Шәңгерей, Шәді, Мәшһүр Жүсіп, Ақан сері, Тұрмағамбет секілді сөз зергерлерінің шығармаларында айқын байқалып тұрады.

Ұлы Абай ұстазы Низами Гәнжауиден көп үлгі үйренгені оның өлеңдерінің ой құнары мен көркемдік кестесінен аңдалады. Ақын Абай нәзирашылдық дәстүрінде «Ескендір» поэмасын жырлағаны анық. Бірақ, ол ұлы ұстазына құр еліктемей оның мұрасын шығармашылықпен еркін меңгеріп, өзі өмір сүріп отырған дәуірінің шындығы тұрғысынан бағамдағаны байқалады.

Низами «Хамсасында» кейіпкер болған барша патшаларды сынап-мінеп, тек қана Ескендірді мінсіз патша, әділетті билеуші, ерекше асылзада етіп бейнелейді. Науаи да осы сүрлеуді ұстанады. Абай болса керісінше – Ескендірді жойқын шапқыншылық жа-

сап ел жаулаған ашкөз, жемір патша ретінде әшкерелеп, «бақпен асқан патшадан, мимен асқанқараартық» депөзөлеңіндеайтқанындай, дана Аристотельді асқақтатады. Пенденің тойымсыз көзі – бір шымшым топыраққа тояды деген ескі аңызды тәмсіл етіп, айналасындағы замандастарға, оқырмандарға сыншыл ой тастап, ғибрат беруді, дүниеқоңыздықтан сақтандыруды мақсұт тұтады. Низами мен Абайда үндес үлгі, орамдас ой сарыны мол кездеседі:

Низами:

Жазмыштық, – фәнилік бұл іс пен атақ,

Бәрі де болар бір күн көр-топырақ. (Аударған Қ.Бекқожин).

Абай:

Адамзат – бүгін адам, ертең топырақ,

Бүгінгі өмір жарқылдап алдар бірақ.

Ұлы Абай дәстүрін кейінгі толқын қазақ ақындары жасампаздықпен жаңғыртты. Данышпан Низами Гәнжауидің «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын Т.Жароков, Т.Әлімқұлов, Ғ.Орманов, Қ.Аманжолов, Ж.Сыздықов, Д.Әбілов, А.Жұмағалиев бастаған бір топ әйгілі ақындар аударып, 1947 жылы Низами Гәнжауидің 800 жылдық мерейтойына тарту етті. 1980 жылы «Жеті ару» поэмасын көрнекті ақын Қ.Бекқожин аударып жариялады.

Низами Гәнжауи отыздан асқан шағында қыпшақ қызы Әппаққа үйленіп, оған көптеген өлеңін арнап, асыл жарының бейнесін, мөлдір махаббатын жыр-дастандарында шеберлікпен мүсіндеген. Осы шежірелік тарихтан шабытына алау жаққан ақиық ақын Қ.Бекқожин 1974 жылы «Әппақнама» дастанын жазады. Қ.Қуанышбаев театры Низами Гәнжауидің «Ләйлі-Мәжнүн» дастаны желісі бойынша спектакль әзірлеп, 2019 жылы табысты сахналап, көрерменге көне ғасыр күмбірін жеткізді.

Сөз асыл талай ғайып сыр ашатын,

Әлеммен сыры жұмбақ сырласатын.


Бүгін бардың ертең-ақ бәрі өшер,

Сөз ғана мәңгі жасап, майдан кешер!

Бақс олар, жібек шіріп, күмбез құлар,

Бәрі-бәрі желге кетер, тек сөз қалар. (Аударған Қ.Бекқожин), – деп, түркі халқының данышпан ақыны Низами Гәнжауи жырлағандай, шайырдың өнер әлеміндегі шұғыласы – адамзат баласының жүрегіне нұрлы шуағын мәңгі шаша береді.

Egemen.kz



ТҰЛҒА

ӘЛЕМГЕ ӘЗІРБАЙЖАНДЫ ТАНЫТҚАН АЛЫП

Бақытжан ОМАР

ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің ТҮРКСОЙ ұйымындағы өкілі



Әзірбайжан ұлтының ұлық перзенті, алып ақыны Низами Гәнжауи (Ілияс ибн Жүсіп Низами) – әзербайжан ұлтын ұлықтап, әлемге танытқан тау тұлғалы алып. Негізгі шығармаларын парсы тілінде жазған Низами 1141 жылдар шамасында туған. Гәнжауи шаһарында дүниеге келгендіктен, «Гәнжауи» деген халық қойған лақап атқа ие.

Алдымен Иранда, кейін Гәнжа қаласында тұрған әкесі ұлын түркі халқының дәстүрінде тәрбиелеп, өз заманына лайық едәуір білім берген. Сезім мен махаббатқа толы лирикалық өлеңдерді жүйрік шығарған жас жігіт Низами 1173 жылы Әппақ есімді қыпшақ қызына үйленіп, көп өлеңдерін сүйіктісіне арнаған.

Жүрегі іңкәрліктен нәр алған ақынның атақты «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын жазу да кездейсоқтық емес. VII-VIII ғасырлар аралығында өмір сүрген араб ақыны Каис ибн Муадтың махаббаты жырлантын Ләйлі-Мәжнүн» –Шығыс халықтарында көне заманнан кең тараған ғашықтық дастаны.Гәнжәуи Низами– «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын бір жүйеге түсіріп, алғаш біртұтас поэмаға айналдырды.

«Тізілтті әңгімеші сөзді бастан,

Өзінің хикаясын етіп дастан:
– Арабтан туған екен бір ғазиз жан,
Артықша болыпты деп, жұрттан асқан» – деп шымылдығын ашатын шығарма қызықты оқиғаларымен, терең иірімдерімен, ыстық сезімімен баурап әкетеді.

Дастанның оқиға желісі былайша өрбиді: араб елінде бір перзентке зар болған дәулеті асқан бай Алладан жатса-тұрса бала сұрайды. Тілегі қабыл болып, бір ұл көреді. Каис ер жеткенде Ләйліні көріп, ессіз ғашықтық торына шырмалады. Қыздың сұлулығына қайран қалған жігіт есінен танып, ақылынан адасады.

«Ойлайды ол: бақыт құсым қолға қонса,
Ағаштай жапырақ жарып тым болмаса –
Гүл атып жүрегімнің үмітінен,
Жайқалып үрім-бұтақ тамырланса»

Тірлікте көз жұмғанша өмір жасап,
Артыма қалдырсам бір нәсіл-насап.
Дегенді көп ойланды, мың толғанды,
өзінен көрсем-ау деп, перзентті аңсап...»

Бірақ, қыздың әкесі Ләйліні басқа адамға қосады. Мұны естіген ғашық жігіт қайғыға шыдамай, дәруіш секілді жапан түзді кезіп кетеді. Сөйтіп, Каис «Мәжнүн» атанады. «Мәжнүн» сөзі – «есінен адасқан бейшара адам» деген мағына береді. Елден жырақ кеткен Мәжнүннің көкірегі толған ащы шерді ұшқан құс пен жорткан аңнан басқа ешкім түсінбейді.

«Жас Мәжнүн жиһан кезіп жүрген ғашық,
Жүрегі – көк теңіздей тулап-тасып.
Өзіндей қасында екі-үш достары бар,
Жүрді ол қайғы зілі жанын жаншып.

Ертіп ап жігіттерін таң мен күнде,
Барады бұрын Ләйлі жүрген жерге.
Бір рет «Ләйлі» аты аталмаса,
Қосылмайды ешбір сөзге, ешбір үнге...»

Қайсыбір діншіл шайырлар Мәжнүннің Ләйліге деген шексіз махаббатын «Аллаға ғашықтықтың символы» ретінде де бағалайды. Ал, кейбір ғалымдар «Ләйлі-Мәжнүнді» сопылық поэзия үлгісінде жазылған мәні терең жырға жатқызады.

Ғашықтықтан жапа шегіп, жаны күйзелген Мәжнүн Ләйлінің өмірден өткенін естігенде, тіптен есінен айырылып қалады.

«Жүрсем дағы сұр далада,
Көкірегім мен көзім сенде,
Бас ұрамын босағаңа
Шықпасам да сөнді төрге!

Мен ашатын күн жүзіңді,
Басқа ашты, амал бар ма.
Бақшам едің, жүзіміңді,
Қарқылдаған жеді қарға.

Бақытымның бұлбұлы ең –
Барып қондың жат ағашқа.
Қазынам ең қол тимеген,
– Мен алмадым, алды басқа.

Айым едің, баттың бұлтқа,
Шығармысың күлім қағып?
Тірі түсіп мен тамұққа,
Жатырмын ғой күйіп-жанып...

Дертім де – сен, дауам да – сен,
Өзің білші, не дейін мен.
Тірілермін – «тіріл» десең,
«Өлші» десең – өлейін мен.

Жалбарынам, сен есірке,
Адалдықты бұзба, жаным!
Сенің адал ақ төсіңе,
Шыбын қонса қызғанамын...»

Осылайша шынайы сүйгеніне қолы жетпей, ойсырай қайғы-қасірет жұтқан Мәжнүн бейбақ құсадан қайтыс болады...

Низами Гәнжауидың дастандарының біразы көне аңыздар желісімен жазылып, биік адамгершілік ұстанымымен, тартымдылығы көркем тілімен, өзінше өрнегімен, өзгеше шеберлігімен тәнті етеді.

Түркітілдес халықтар әдебиетінде ертеден қалыптасқан хамса ((Хамса («бестік», «бес дастан»деген мағына береді)) дәстүрімен Низами «Құпиялар қоймасы», «Хұсран-Шырын», «Ләйлі-Мәжнүн», «Жеті сұлу», «Ескендірнаме» дастандарын бір-бірімен жалғастырып, сабақтастырып жазып шықты. Яғни, Низами кейінгі ақындардың өзінен бұрынғы ақындар қалдырған нұсқаны өзіне үлгі тұтып, поэзиялық жарысқа түсетін «нәзира» деп аталған әдеби дәстүрінің негізін салды. Айталық, атышулы Әлішер Науаи«Фархад-Шырын», Ләйлі-Мәжнүн», «Сопылардың әбігері», «Жеті қарақшы», «Ескендірдің қорғаны» шығармаларын біріктіріп «хамса» атап, тиімді топтастырды.

Низами дастандары қазақ арасына ежелден тараған. Низами дастаны


негізінде Абай «Ескендір» поэмасын жазып, Шәкәрім «Ләйлі-Мәжнүннің» (қайсыбіреулер «Шәкерімнің сүйенгені Физулидің мысалы» деп жүр) қазақы нұсқасын шебер түзіп шықты. Низами Гәнжауидың дастандарын Дехлеви, Жәми, Науаи, Физули, т.б. ірі ақындар құйқылжыта жырлады.

Низами Гәнжауидың соңғы поэмасы «Ескендірнаме» – алып шайырдың шығармашылығының түйіні саналады. Низами кіріспеде өзінің хамсаның төрт кітабын жазып біткенін, ендігі жерде шығармашылық ғұмырының тұжырымы іспеттес «Ескендірнаме» дастанын жазуға кіріскенін қауымға ескертеді.

Дастанының басты қаһарманы – Шығыс елдерінде «Ескендір Зұлқарнайын» деген есіммен мәшһүр болған қадым заманның даңқты әскери қолбасшысы – Александр Македонский. Әділ, кемеңгер, қайырымды патшаны армандаған шығыс шайырлары өздерінің арман-қиялдарының негізінде Ескендір Зұлқарнайынды көкке көтере мадақтайды. Әлем әдебиетінде Александр Македонскийдің әскери жорықтарын жырлаған 200-ден астам дастан сақталған.

Десе де, Низамидің «Ескендірнамесі» – ең шоқтығы биік, теңдесі жоқ туынды. «Әділ де адал адам ғана патша тағына отыруға лайықты» деген тәмсілдегі Низами Гәнжауи ежелгі грек, көне түрік, байырғы қытай, бұрнағы үнді ғұламаларының пәлсапалық ілімдерін ақтарып, дүниетаным саласындағы ой-тұжырымдарын шебер пайдаланады.

Әлемге әмірін жүргізген Ескендір Зұлқарнайынның жорықтарын жырлау арқылы Низами мұсылмандық Шығыс поэзиясында тұңғыш рет мәжүсилік (зороастризм) салт-сананы, ислам қағидаларын және көне грек ойшылдарының ілім-білімін өзара үйлестіріп, адамзат қоғамының ақыл-парасат пен ғылымға негізделген үйлесімді даму жолын ұсынады. Әрдайым әділдікті жақтап, зұлымдыққа қарсы күреске үндеген Низами Ескендір Зұлқарнайынды мәжүсилік дәстүрлерді де, ислам шарттарын да, ежелгі грек ойшылдарының ой-тұжырымдарын да терең түсініп-құрметтейтін көреген қолбасшы етіп суреттейді. Батырлық пен батылдық дастанының шығармашылығының тұжырымы жасаған әзірбайжанның алып ақыны Низами Гәнжауидің терең тағылымы – мұқым адамзат баласы үшін тәрбие тәлімі болып қала береді.



НИЗАМИ және «ХАМСА» ДӘСТҮРІ

Элман ГУЛИЕВ,

профессор, АДПУ «Түркі зерттеулері» бөлімі басшысы, ТҮРІКСОЙ кафедрасы директоры орынбасары



700 жылдан астам тарихы бар Низами мектебі Шығыс халықтары мәдениетінің дамуында және оның жаңа қырларының айқындалуында маңызды дәрежедегі орынға ие. Есімізге түсірейік, Низами мектебінің артында ғаламдық идеологиялардың жаршысы Низамидің Шығыс поэзиясының көшбасшысы ретінде бағалануымен қатар Әзербайжан-Түркі мәдениетінің игерілуі мен мақұлдануы да тұр. Өйткені Низами аты, Низамидің даналығы Шығыс Әзірбайжан-Түркі поэзиясының (кең мағынада мәдениетінің) әдеби-эстетикалық, ұлттық-философиялық ғажайып мысалы сияқты енген, Низамидің есімі төңірегінде дамыған не болса Әзірбайжан ұлттық-рухани рухын жеткізетін әсерінен ұзаққа кетпеген.

Мақтанышпен айтатын бір мәселе, Әзербайжан халқының ұлттық мақтанышы дана Низами – Шығыс поэзиясының сирек кездесетін жауһары әрі әлемдік өнер тарихында Әзербайжан мәдениетінің үлкен өкілі және кең мағынасында Әзербайжаншылық миссиясының құнды мүшесі. Күмәнсіз, Низамидің Шығыс әлемі үшін ең үлкен миссиясы әдебиетіміздің өнер этикетіне айналған «Хамсаны» жазуы еді.

«Хамса» дана Низамидің өнер әлеміндегі мәңгілік жаңалығы, сондай-ақ тың форма, тақырып пен ойдың көрінісі еді.

Зерттеулерге қарағанда, «Хамсаның» қандай географияда таралса таралсын, «Хамсаға» назира жазудың төркінінде екі маңызды мәселе тұр.

Қабілет пен тізбек тұрғысынан салыстырғанда үсті-үстіне болған өнер оқиғалары.

Үсті-үстіне жүзеге асқан өнер оқиғалары дегенде біз, ең алдымен, Низамидің өнер сиқырында қалғанын, ішкі рухани мұқтаждық нәтижесінде «Хамса» әдеби бәсекесінде өзін майданға қосуды қалағанын айтып отырмыз.

Білетініміз, С.Ширази, Атаи, Лүтфи, Хорезми, Насими, Нафи, Наби, Пырағы, Надим т.б. сияқты Шығыстың үлкен дарын иелерінің «Хамса» жазбауының себебін олардың бір тізбекпен салыстырғанда үсті-үстіне жүзеге аспайтын өнер құндылықтарынан іздеу керек.

Өнерде қабілеті мен қайсарлығымен таңдалған, Низами Гәнжәуимен бірге ортақ өнер құндылығына ие болған ақындар арасында Әлішер Науаи ерекше орын алады. Өзбек саяси тарихында көрнекті мемлекет қайраткері, өзбек тарихында үлкен ғалым ретінде танылған Әлішер Науаи өзбек әдебиеті тарихында да үлкен рухани құндылықтың қайнар бастауы ретінде аталады.

60 мың жолдың 5 Диуаны, 25620 бәйіттен тұратын түрікше «Хамсасы» және 20-ға жететін ғылыми-философиялық (естелік, филология, діни-ахлақи тарих т.б.) туындыдан тұратын Әлішер Науаидің шығармашылығы 500 жылдан ұзақ уақыт бойы мұсылман әлемін таңғалдырып, оқушыларын разы қылып келеді. 30 жылдан астам уақыт ішінде Н. Гәнжәуи жазып шыққан «Хамсаға» жауап ретінде Ә. Науаидің бар-жоғы 3 жыл ішінде (1483-1485) қағазға түсірген түрікше «Хамсасы» оның шығармашылығының шыңына баланады. Атап айтатын бір жайт, терең тарихқа, бай әдеби дәстүр мен әдеби үлгілерге ие өзбек әдебиетінің танымал өкілі Әлішер Науидің дәстүрге атсалысып, «Хамсаны» жазуы мүлдем кездейсоқ емес еді. Ең басында, алдымен, XIV-XV ғасырларда Низами шығармаларының өзбекшеге тәржімалануы саласында белгілі бір тәжірибе қалыптасты. XIV ғасырдың соңдарына қарай Құтыптың «Хұсрау мен Шырын», XV ғасырдың бас жақтарында Хорезмидің «Сырлар қазынасы» шығармаларының өзбекшеге аударылуы әзербайжан-өзбек әдеби байланыстарын дамытып қана қоймай, аймақтағы Низами Гәнжәуиге деген сүйіспеншілік пен қызығушылықты да әжептәуір арттырып жіберді. Әлішер Науаи да «Хамса» жазғанға дейін сарайда өзінің қадағалауымен екі рет (1479; 1481) Низам «Хамсасының» қолжазбаларын қайтадан көшіріп шыққан. 1481 жылы көшірілген 45 миниатюрамен безендірілген қолжазбаны өзінің дербес кітапханасының ең бағалы құндылығына балаған.

Көріп отырғанымыздай, Науаи Низамиді түпнұсқадан оқыған, оған дейінгі «Хамса» дәстүрі үлгілерін (Дәһләуидің, Марағалық Эшрефтің, Жәмидің шығармалары) оқыған, Низами көзқарастары мен өз көзқарастары арасындағы ұқсастықтарды байқаған, оны ұнатқан, оның шығармашылығының әсерінен айыға алмаған және «Хамса» жазуға шешім қабылдаған. Ә. Науаи «Хамсаны» аяқтағаннан 14 жыл өткеннен кейін жазған «Мұхакемет үл-Лұғатайн» 1499) шығармасында Низами шығармашылығының өзіне тигізген ықпалын былай деп баяндайды: «Хамсаның» шеңгеліне шеңгел ұрдым. Алдымен, «Момындардың таңданысы» («Хайратул-Әбрар») бауында гүлдер шешек ашқан, оған «Сырлар қазынасынан» («Михренул Әсрар») Шайх Низамидің рухы басыма дүрлер шашты».

Алайда Ә. Науаи Низамидің тудырған сөз майданына кірудің және Низамидің әдеби жолымен жүрудің қиын екенін және батылдық талап ететінін ерекше айтып кетеді. «Хамса» жазудың үлкен жауапкершілік талап ететінін білдірді:

Бұл майданда тұру оңай деп ойлама,
Низамиге қарсы шеңгел қайрамақ.

Ә. Науаи Низамидің «Хамсасын» бүкіл «Хамсалардың» шабыт қайнары деп есептеген, Низами «Хамсасының» бүкіл «Хамсалардан» үстем екендігін жеткізген, бұл шығармаға арбалып қалғаны үшін бақытты сезінетінін айтқан:

Шайырлардың ең ғажайып қаламы,
Низамидің «Хамса» тудырды талабы.
«Хамса» деген оған өте аз болады.
Харунның бес қазынасы сынды.

Бұл мәнде Науаи «Хамсаға» қосқан әртүрлі тақырыптағы шығармаларында Низами шығармашылығының қуатын тілге тиек еткен. Низамиден кейін «Хамса» жазудың қиындығын ұғынса да, бұл таңғажайып өнер туындысының сүрлеуімен жүруді және осы жолда қаламының қарымын сынап көруді өзіне мәртебе санаған. Оған сәйкес, Науаидің «Хамсасына» енген барлық шығармаларында тақырып, мазмұн мен ой тұрғысынан Низамидің әсері айқын түрде білініп тұрады. «Хайрат ул-Әбрар» (1483), «Фархат пен Шырын» (1484), «Ләйлі мен Мәжнүн» (1484), «Жеті кезбе» (1484), «Ескендір қамалы» (1485) атты шығармаларындағы аздаған өзгешеліктерді ескермегенде, тақырып, оқиға, кейіпкер т.б. тұрғысынан бұл туындылардың Низамидің әдеби шешімінде болғанына көз жеткізуге болады. Бірақ Науаиге дейінгі «Хамсаларды» қосқанда Науаидің 3 жыл ішінде жазып шыққан «Хамсасы» Низами дәстүрі жолындағы қажетті дүние деп саналса да, бұл шығармалар лирикалық-психологиялық жайттардың талдану дәрежесіне, драмалық байланыстардың шиеленіс жағдайына, романтикалық сезімдердің жеткізілу стиліне, кейіпкерлердің сол жағдайға сәйкес ұстанымдарына, ойдың философиялық-шығармашылық тұрғыдан сипатталуына т.б. сәйкес, Низами дәрежесіне жете алған.

Ә.Науаидің Низамидің «Хамса» дәстүріне сәйкес жазған шығармаларының

бірі «Фархат пен Шырын» туындысы.

Низамиден әсерленген Науаи шығарманы жазып жатқанда ондағы Низамиге тән сүйіспеншілік пен қоғамдық құрылысты сақтаса да, Низамиден ерекшеленіп, оқиғалардың орталығына Хұсрауды емес, Фархатты қойған. Низамидің «Хұсрау мен Шырын» атты шығармасында Фархатты Қытайда өнер мектебін тәмамдаған, тастардың үстіне нақыштар сала алатын суретші (инженер) сипатында кейіптейді. Науаи болса, Фархатты мүлдем басқаша сипаттап, оны билеушінің ұлы ретінде көрсеткен. Низами болса Фархатты өз идеологиясы ауқымында түсіндіре отырып, оның ғажайып қасиеттерін физикалық және рухани кемелдік желісінде өрбітуге талпынады.

Дегенмен Низами Гәнжәуи шығармада Фархаттың осындай стильді таңдағанына қарамастан, жер жағдайымен үйлестіріп, өз кейіпкерін сүйіспеншілік пен махаббатқа қатысты оқиғалардың мәйегіне келтіруге шешім қабылдайды және Фархаттың тағдырын оқиғалармен тікелей өрбітуге тырысады. Сондықтан Низами Фархатты толық, кемел тұлға ретінде көрсетуге тырысады. Күмәнсіз, Фархаттың өнер сырларын, Евклидтің математикалық теориясын және Птоломей философиясын білуі шығармада мақсатты түрде көрсетілген Фархаттың тұлғасымен тікелей байланыс құрған. Низами өз кейіпкерін жан-жақты түрде адам моделінде («кемел пәленше болса да адам» танымында) бергендіктен, оның махаббаты шығармада жәй емес, шығармадағы мазмұны (кейіпкер, оқиға мен тақырыптар мәнінде) өзгеретін сипатта көрінеді. Сол себептен Низами Фархатты еңбекқор адам кейпінен алып, оны өз идеясымен сомдайды және оның бейнесіне жаңа қасиеттер үстейді.

Ә.Науаидің шығармашылығын жеткілікті дәрежеде пайдалануына, кейбір мазмұн тұрғысынан ұқсастықтарына қарамастан, Фархатпен салыстырғанда ол басқаша көзқарастарын білдірген, оны өнерлі, суретші тұлғасында емес, билеушінің ұлы сипатында ұсынған. Сол себептен де Фархаттың билеушінің ұлы ретінде көрсетілуінде оның тууы, тәрбиеленуі, тәрбие алуы, сарайда өткен балалық жылдары т.б. түріндегі көріністердің Низами Гәнжәуидің «Хұсрау мен Шырын» туындысында болмауына дұрыс қабылдаған жөн сияқты.

Көрініп тұрғандай, мәңгілік шексіздікке ұласқан Низами Гәнжәуи шығармашылығының әдеби күші мен әдеби ғажайып сипаты ғасырлар бойы Шығыста осы шығармашылықты кәдеге жаратуға, осы шығармашылықтың әдеби сапарына қатысуға деген қажеттілікті тудырған, нәтижесінде де Низами мектебінің мүшелерінің арқасында Шығыс әдебиеті уақыт бойынша өзінің үлкен даму жолын жалғастыра алған.

Аударған ғалым **Мұхит ТӨЛЕГЕН.**



ӘЗІРБАЙЖАННЫҢ АРЫС АҚЫНЫ НИЗАМИ ГӘНЖӘУИДІ ТҮРКСОЙ ҰЙЫМЫ ҰЛЫҚТАДЫ



Түркі мәдениетінің халықаралық ұйымы (ТҮРКСОЙ) ұлы әзірбайжан ақыны және ойшылы Низами Гәнжауиді туғанына 880 жыл толуына орай шара ұйымдастырып, Әзірбайжанның Мәдениет министрі Анар Керімов, Әзірбайжанның Түркия Республикасындағы Елшісі Хазар Ибрагим және көптеген қонақтар қатысқан кешті ТҮРКСОЙ ұйымының Бас хатшысы Дүйсен Қасейінов жүргізіп отырды.

Әзербайжан Республикасының Президенті Ильхам Әлиев 2021 жылды «Низами Гәнжауи жылы» деп жариялаған болатын. Әзербайжан халқының классик ақыны, түркі әлемнің ойшылы Низами Гәнжауидің негізгі шығармалар іргелі шығармасы «Хамса» («Бес дастан топтамасы»), оған «Сырлар қазынасы», «Хұсрау-Шырын», «Лейлі-Мәжнүн», «Жеті ару» және «Ескендірнама» атты бес дастаны кірген.

Ашылу салтанатында сөз сөйлеген министр К.Керімов Түркияға алғашқы сапарын жасау мен оның аясында күллі түркі әлемін танымал етуде маңызды шараларды жүзеге асырып жатқан ТҮРКСОЙ ұйымының шарасына қатысуы – өзі үшін жоғары мәртебе екендігін ағынан жарыла ашық айтты.

Әзірбайжанның Мәдениет министрі әзірбайжан ұлты және түркі жұртымен бірге, мұқым адамзат баласына ортақ көрнекті ақын әрі тәлімгер Низами Гәнжауиді еске алуға арналған кемел көрме мен әзірбайжанның танымал суретшісі Микайыл Абдуллаевтың өнер туындыларының экспозицияларын тамашалағанына ризашылық пейілін білдірді.

Әзірбайжан Мәдениет министрі Анар Керімов ТҮРКСОЙ ұйымына биыл Әзірбайжан басшысы арнайы жариялаған Низами Гәнжауи жылын қолдағаны үшін алғысын білдіріп, былай деді: «Батыс пәлсапашыларының айтуынша, Низами олардан бірнеше ғасыр бұрын әділдік, бейбітшілік, даналық секілді асыл құндылықтарға сай өмір сүру, адамшылық пен әйел құқығы сияқты аса

қажетті тұжырымдарға ерекше мән беріп, төл туындыларында кеңінен насихаттаған».

Министр: «Осыдан кейін батыс ойшылдары гуманизм идеясын таратқан, демек, Низами түркі әлемінің пәлсапалық идеясына ғана емес, бүкіл адамзат құндылықтарына сүбелі



үлес қосты» – деген тәлімді түйінге тоқтады.

Әзірбайжан Мәдениет министрі Анар Керімов Әзербайжан мен түркі әлемінің халықаралық деңгейде Низами сияқты есімдердің танылуын қамтамасыз ету үшін жұмыс істеуі керек екеніне жиналғандардың назарын аударып, Әзірбайжан Республикасының Низами идеялары мен құндылықтарын танымал ету үшін үлкен күш-жігер жұмсайтындығын айтты.

ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы Дүйсен Қасейінов Низами Гәнжауидің 880 жылдығына орай ТҮРКСОЙдың көптеген түркі елдерінде ұйымдастырылған айтулы іс-шараларының түркі елдерінің ынтымағын нығайта түсетіндігіне сенім білдірді. Халықаралық Түркі мәдениеті ұйымының басшысы биылғы жыл аясында көптеген іс-шаралар өткізіліп, олардың сәтті де сапалы өтуіне ТҮРКСОЙ-ды құрушы елдердің бірі саналатын Әзірбайжан толықтай қолдау көрсетіп келе жатқандығына айрықша тоқталып өтті.

«Низами Гәнжауи «Хамса» шығармасымен бүкіл шығыс әдебиеті мен өнерінің дамуына әсер етіп, әлем әдебиетінде терең із қалдырды. Ол тек түркі әлемінде ғана емес, бүкіл әлемде жақсы танымал және сүйікті шайыр», – деді Дүйсен Қасейінов.

ТҮРКСОЙ ұйымының басшысы Д.Қасейінов мырза Низами өлеңдерінің мұсылман шығыс халықтарының кітап өнері, миниатюралық кескіндеме, сәндік-қолданбалы өнер және басқа да өнер салаларын дамытуға үлкен үлес қосқанын атап өтті.

ТҮРКСОЙ ұйымдастырған картиналар мен миниатюралар көрмесіне және Әзірбайжан Ұлттық кітапханасының Низами шығармаларынан тұратын кітап экспозициясына арнайы тоқталған Дүйсен Қасейінов әзірбайжандық суретші Вагиф Ужатайдың «Низами нұрында» картинасына назар аударып: «Бұл туындыда суретші Эрмитаждың Студенттер бөлмесінде өткен мерейтойлық салтанатты және ғылыми сессияны суреттейді. 1941 жылы 19 қазанда ленинградтық ғалымдар Низами данышпанының нұрына шомылуға жиналды. Бұл кенепте бейнелеген ғалымдар тіпті соғыс, блокада және сонымен байланысты барлық қиыншылықтар жағдайының өзінде Низами мұрасына үлкен мән бергендігін әрі Низами тұлғасының және оның шығармаларының жоғары беделін білдіреді» – деген тұжырым жасады.

Сонымен қатар, ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы Дүйсен Қасейінов өз сөзін: «Парсы тілді әдебиетте Сағди, Фирдауси, Анвариді ақындардың пайғамбары десе, Фирдауси жазған «Шахнамадан» асырып «Хамса» жазып, бес дастаннан құралатын жаңа жанрды әлемдік әдебиетке ендіріп, тың әрі соны бағыт қалыптастырған Низамиді «ақындардың Тәңірісі» деп замана данышпандары аспан-





датып баға берген, ал, оның алдында дүниеге теңдессіз туындылары арқылы мәшһүр болған Фирдаусиді «шайырлардың пайғамбары» деп ұлықтаса керек» – дейтін асқақ мақтаныш сезімімен тәмамдады.

Әзірбайжанның Түркия Республикасындағы Елшісі Хазар Ибрагим – тек Низамиді ғана емес, сонымен бірге, барлық дана құндылықтарды кеңінен насихаттау үшін бұдан да көп күш жұмсау керектігін, өйткені, бұл құндылықтар мен түркі әлемінің бауырластығын бүкіл әлемге жеткізу керектігін айтты.

Алқалы жиын, ауқымды шараның соңы концерт пен сыйлық беру рәсіміне жалғасып, Әзірбайжанның Мәдениет министрі Анар Керімов – ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы Дүйсен Қасейіновке ерекше құрмет пен естелік ретінде Шушада ғана өсетін және Әзірбайжандағы соғыстағы жеңістің символы болып табылатын «Хары Булбул» төсбелгісін табыс етті.

ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы Дүйсен Қасейінов разы пейілмен: «Ортағасырлық Түркия, Армения, Ирак, Грузия, Ауғанстан, Иранда кеңінен танымал болған Низами Гәнжәуидің дана мұрасы өнерсүйер жұртты жақындастыра түседі және Низами тәрізді адамзатқа ортақ тұлғаларды жас ұрпаққа терең таныта түсуіміз керек» – деді.





НИЗАМИ ГӘНЖӘУИ ОҚУЛАРЫ БАЯНДЫ БАКУДЕ

Бакудей бақуатты шаһардағы әзірбайжан ұлтының орасан ойшыл ақыны Низами Гәнжауидің 880 жылдығына орай арналған ТҮРКСОЙ ұйымы «Низами Гәнжауиді парақтағанда...» атты арт-альбомның тұсаукесерін жасады.

Ал, Әзірбайжан Ұлттық кітапханасы Низами жылының құрметіне Низами Гәнжауидің библиографиялық кітабын шығарды.

Әзербайжан Мәдениет министрлігі ұйымдастырған шараға Әзербайжан Республикасының Мәдениет министрі Анар Керімов, ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы Дүйсен Қасейінов, Әзірбайжан Ғылым академиясы Низами Гәнжауи институтының директоры Иса Гебиббейли, Әзербайжан Ғылым академиясының директоры Иса Гебиббейли қатысты. Әзірбайжан Ғылым академиясының Қолжазбалар институты Теймур Керимли, Әзірбайжан Ұлттық кітапханасының директоры Керім Тахиров баяндама жасады.

Тұсаукесер барысында ТҮРКСОЙ Ұйымының Бас хатшысы Дүйсен Қасейінов Әзірбайжанның Мәдениет министрі Анар Керімовке, ғалымдар Иса Хебиббейлиге, Теймур Кәрімлиге, Керім Тахировқа ТҮРКСОЙ ұйымы арнайы Низами Гәнжауидің туған күніне 880 жылдығына орай тағайындаған медалін табыс етті.

Аталған іс-шара әзірбайжан өнерпаздарының орындауындағы Низами шығармаларынан шағын концертпен аяқталды.











САРАСӨЗ
www.sarasoz.kz

МАНАСТЫҢ ЕЛІНДЕ НАРКЕСТІ НИЗАМИ «ҚОНАҚ БОЛДЫ»...

Бішкек қаласында «Манас» және Шыңғыс Айтматов ұлттық академиясының ғимаратында әлемге әйгілі әзербайжан ақыны Низами Гиянджауидің туғанына 880 жыл толуына орай TÜRKSOY Халықаралық түркі мәдениеті ынтымақтастығы ұйымының бастамасымен жарық көрген «Низами Гянджауиді парақтағанда...» атты көркем альбомның әзербайжандық режиссер Эльдар Гулиевтің «Низами» фильмінің көрсетілімімен басталған тұсаукесерінде аталған ұйымның басшысы Дүйсен Қасейінов: «Низами Гиянджауи – «Хамса» атты аттас шығармасының арқасында Хамсаның алғашқы ақыны ретінде адамзат тарихында ерекше орын алған Әзірбайжан әдебиетінің жарқын көрнектілерінің бірі. Низами шығармашылығының шабыт алған Шекспир: «Барлық заман мен әлем халықтарының жеті үздік жазушысының бірі» деп сипаттаған Низами Гянджауидің өлмейтұғын «Ләйлә мен Мәжнүн» шығармасы – «Ромео мен Джульеттадан» 400 жыл бұрын жазылған. Халықты ізгілікке, адалдыққа, әділдікке, туған-туысқа, дос-жаранға, туған жерге деген сүйіспеншілікке шақыратын, сұлулықты дәріптейтін сөз бен ойдың хас шебері Низами – тек шығыс әдебиетінің інжу-маржаны емес, ол – бүкіл әлем әдебиетінің жарық шамшырағы. Низамииді тереңірек және жақынырақ білу үшін күллі түркі әлемі үшін әлі де көп жұмыс істеу керек және насихаттай беру керек» – деп, айрықша атап өтті.

Ғалымдар Әбдірахман Алымбаев пен Папан Дүйшенбаев Низамидің өмірі мен шығармашылығы туралы баяндама жасады. Қырғызстанның бірқатар мәдениет және өнер қайраткерлері ТҮРКСОЙ ұйымының медальдарымен марапатталды. Сондай-ақ, Халықаралық Түркі мәдениеті ұйымы 30 жыл бойы армян басқыншылығында болып, 44 күнге созылған Әзірбайжан жерін азат етудің Қарабақ Отан (Екінші Қарабақ соғысы) соғысында дүниежүзілік қоғамдастыққа объективті ақпарат жеткізген БАҚ өкілдеріне 2020 жылы арнайы «Хары Бұлбұл» халықаралық медиа сыйлығымен тағайындап, ТҮРКСОЙ ұйымының Басхатшысы Дүйсен Қасейінов «Анадол» (АА) агенттігінің Қырғызстандағы тілшісі Назир Әлиев пен «Слово Киргизстан» газетінің тілшісі Аида Ширинованаға «Әлемдік қоғамдастыққа қатысты оқиғалар мен сенімді деректерді жеткізгені үшін» жоғары марапатын табыс етті.

Қырғызстанның белгілі жазушылары, ғалымдары мен зерттеушілері, әрбір елдердің елшілері белсене қатысқан кеште «Манас» эпосынан үзінділер оқылып, қырғыз ұлттық музыкалық аспабы комузда Низамидің шығармашылық мұрасына негізделген әзірбайжан ұлттық билері мен шығармалары орындалды.









Таңдандырған TÜRKSOY

НИЗАМИ – ТҮРКІ НАМЫСЫНЫҢ ҚАЙРАҒЫ

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының ғимаратында TÜRKSOY халықаралық ұйымымен бірігіп ұйымдастырылған салтанаты кемел шара



– туысқан әзірбайжан ұлтының әдеби шығындағы мұзарттардың бірегейі, адамзат тарихында тұңғыш хамса ақыны аталған, өз шығармаларымен ақындардың әралуан кезеңдегі талай буындарын рухтандырған Әзірбайжанның бас шайыры Низами Гиянджауидің туғанына 880 жыл толуына арналды.

TÜRKSOY халықаралық ұйымы әзірлеп, басып шығарған «Низами Гянджауиді парақтағанда...» атты көркем альбомының тұсаукесері мен түркі әлемі танымал суретшілерінің Низами Гянджауидің шығармашылық мұрасы негізінде туындаған тамаша суреттерінің көрмесі де аталған шара барысында көпшіліктің қызу қолдауымен өтті.

Низами шығармашылығынан сусындаған әйгілі суретшілердің 100-ден астам картиналарының репродукциялары тізілген көрме мен TÜRKSOY халықаралық ұйымының ағылшынның ойшыл-пәлсапашысының өлеңдерінен үзінділер бере отырып ұсынған көркем альбомның тұсаукесерінде кітапхана директоры Бақытжан Темірболат Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласындағы: «Тарихын есте сақтайтын, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор» деген ата сөзін еске алып, бұл шараның аса мағыналылығы мен альбомның маңыздылығына тоқталды.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының директоры Бақытжан Темірболат тұтас Низами Гиянджауи мұрасы мен аталған еңбектің тек түркі әлемінің ғана емес, бүкіл әлемдік өркениеттің тарихы мен ғылымына және мәдени мұрасына маңызды үлес қосатынын айрықша атады.

Әзербайжанның Қазақстандағы Елшісі Агалар Атамоғланов «шыдамдылықты табыстың кілті» деп санайтын Низами Гянджауидің: «Ерінбей еңбек ет, биікке самға және бетпе-бет келген қиындықтарға берілме!» деген ұранынан өмірлік сабақ алған кез келген адамның ауырлықтарға тап болған жағдайда міндетті түрде жеңіп шығатындығына

алып ақынның кәміл сенгендігін жеткізді. Әзербайжанның Қазақстандағы Елшісі қазақ әдебиетінде Низамидың Қазақстан тарихы мен мәдениетімен тығыз байланысты шығармаларының жылдан-жылға көбейіп келе жатқанына ризалық сезімін білдірді.

TÜRKSOY халықаралық ұйымының Бас хатшысы Дүйсен Қасейінов: «Бұл альбомдағы әр суреттің өзіндік тарихы бар. Бұл кітапты бүкіл әлем бойынша көбірек адамдар оқи алуы үшін альбом ағылшын тілінде шығарылды. Турасын айтқанда, «Низами – түркі намысының қайрағы», десек әбден жарасады. Дәп осы еңбек сияқты TÜRKSOYхалықаралық ұйымы Абай Құнанбай, Олжас Сүлейменов, Шыңғыс Айтматов сияқты түркі әлемінің ұлы тұлғалары туралы көркем альбомдар шығарды. Түркі әлемінің көрнекті тұлғалары мен олардың қайталанбас мұрасын күллі адамзатқа танымал



етуді тынымсыз жалғастыру үшін TÜRKSOY халықаралық ұйымы басты мақсатына жету жолында тынбай ізденіп, бүгінгі таңда Әлішер Науаи мен Мақтымқұлиға арналған кітаптарды басып шығаруға әзірлеп жатыр», – деп атап өтті.

Түркі әлемінің тиімді халықаралық мәдени-шығармашылық алаңы болып табылатын TÜRKSOY халықаралық ұйымы – Низами Гянджауидің туғанына 880 жыл толуы аясында жыл бойы әлемнің әртүрлі елдерінде ұлы ақын әрі ойшылдың шығармашылық мұрасына арналған көптеген ауқымды еске алу шараларын ұйымдастырды.

Сонымен қатар, TÜRKSOY халықаралық ұйымы – адамзат тарихындағы хамса жанрының тұңғыш қарлығашы Низами Гянджауидің «Хамса» жинағындағы әйгілі «Ескендірнаме» шығармасын қазақ тіліне аударған қазақтың ұлы ақыны, ағартушы Абайдың туғанына 175 жыл толуына орай 2020 жылды – «Абай Құнанбаев жылы» деп жариялады. Ұлы даланың көрнекті ақыны, қазақ әдебиетінің негізін қалаушы Абай Низамиді «ұстаз» санап, оның шытырман да шымыр шығармашылығына зор құрмет көрсеткен.

TÜRKSOY халықаралық ұйымы жарыққа шығарған «Низами Гянджауиді парақтағанда...» атты көркем альбомның тұсаукесерінің соңында жиналған жамағат Низами Гянджауидің шығармашылық мұрасына арналған көркемсурет көрмесін тамашалады.

TÜRKSOY-ДЫҢ ТАҢҒАЖАЙЫП СЫЙЛЫҚТАРЫ

Қазақ Елі Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай TÜRKSOY Халықаралық түркі мәдениеті ынтымақтастығы ұйымы – Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасына түбі бір түркі елдерінің өзге мемлекеттерінің тарихы жайындағы жинақтар мен Абай, Үш арыс, Шыңғыс Айтматов, Жамбыл Жабаев, Мұқағали Мақатаев, Олжас Сүлейменов туындылары қамтылған кітаптарды сыйға тартты.

Салтанатты жиынның беташарында TÜRKSOY Халықаралық түркі мәдениеті ынтымақтастығы ұйымының Бас хатшысы Дүйсен Қасейінов: «Тәуелсіздік жылдары халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымы әдебиет саласында үлкен жұмыстар атқарды. Осы уақытқа дейін түркі әлемінің 150-ден астам кітабын шығардық. Олардың арасында Қазақстанға қатысты туындылар баршылық. Биыл Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына орай біз ақынның шығармаларын 7 тілге аударып, арнайы кітап ретінде басып шығардық. Түркияның Анкара, Кастамону қалаларында ақынымыздың ұрпақтарын арнайы шақырып тұсаукесер рәсімін жасадық. Жамбыл атамыздың 175 жылдығына орай Жамбыл Жабаев таңдамалы шығармаларының түрік тіліне аударылған кітабын басып шығардық» – дегенжүрекжарды жарқын сәлемін жеткізді. Айтаулы шараға Қарағанды облысы мен қаласының зиялы қауым мен журналистері және әр деңгейдегі әкімшіліктердің өкілдерібелсене қатысып, ТҮРКСОЙ ұйымының өз бастамасымен басылып шыққан аса құнды кітаптарын бұған дейін Алматы қаласының кітапханаларына да тарту еткендігін тілдеріне тиек етті.

«SARASOZ»-дің өз тілшілері.

КӨҢІЛ КҮНДЕЛГІ

Нәзира-дастан нақыштары: Низамидің назы мен Әмренің сазы

Гүлжаз ҚАРЫБЕККЫЗЫ,
бас редактор



Бурсадан келгелі өзіммен өзім томаға-тұйық ой үстінде жүріп алдым. Жазайын десем, қаламым жүрмейді. Түнеукүні көрген концерттің «Құлақтан кіріп, бойды алған» ғажайып ләззатты әсерін сана-түйсігім мен тұла бойыма сіңіргім келгендей ме қалай, өзі...

Қарашаның жиырмасынан жиырма біріне қараған түні илаһи түс көрдім. Жүніс Әміре мен Йассауи. Көз алдымда басына сәлде оранған қос қария...

«Заманында екеуі хат алысқан екен» деп қоям. Қазіргі принтерден қағаздың шыққанындай тастың арасынан төте жазумен қағаз шығып жатқанын көріп, аң-таңмын. Өң мен түстің арасында жатып,«түсімді Пайғамбар жорысын, бұл ұлы тұлғалардың дәргейі ұрпағыма дарысын» деп бет сипадым...

«Сөз асыл талай ғайып сыр ашатын,
Әлеммен сыры жұмбақ сырласатын.
Бүгін бардың – ертең-ақ бәрі өшер,
Сөз ғана мәңгі жасап, майдан кешер!
Бақ солар, жібек шіріп, күмбез құлар,
Бәрі-бәрі желге кетер, тек сөз қалар».
НИЗАМИ (Аударған Қ.Бекқожин).

Оянсам, таң сібірлеп атып келеді екен... «Әулиелі Бурсадан алған әсеріңді, түркі

бірлігін хатқа таспала» дегені ме, не түс болды бұл... (Халық арасында «Бурсада бала сиетін жер жоқ» деген сөз бар екен...)

Іле-шала бір жарым жыл бұрын түркі баласының асыл топырағы Түркістанда көрген түсімді есіме алдым. Түсімде ғажап іс көрдім. Көп адамның ортасындамын. Бұрқыратып әдемі, шырын жырлар оқылып жатыр.



«Пәленшенің, Түгеншенің Нәзира дастаны» деп қояды.

Бір кезде мен оқыдым. Ол да қою, шырын өлең екен деймін. Жаныңды ерекше бір ләззатқа бөлейді. Ұзақ көрген түсім болды. Рахаттанып ояндым. Тілімде нәзира дастан...

«Нәзира» деген сөз – «өленсөз» деген мағына береді екен-ау, деп ойладым. Ақын қыз Нәзира Бердалының атын қойған ата-анасы немесе ата-әжесі бұл туралы білген боп тұр ғой. «Оның ақын болуы тегін емес» деп, екі күн ой құшағында жүрдім...

Көрген түсім – ойымнан кетер емес. Не айтқысы келді, Жаратқан Ием? Нені меңзейді?

Әлгі түсімді аузы дуалы қарияға жорытқанымда былай деді: «Керемет келісті түс екен.«Нәзира дәстүрі» деп – бұрынғы ата-бабаларымыздың мағынасын сақтай отырып, сөздерін заманауи қалыпқа салып айтатын жырлары. «Қызым, өзің жыр жазатын болсаң, осы Нәзира дастанды жазып көру керек» деген аян-ескерту. Дәл кәзіргі заманда өте керекті дүние. Шығарып жатқан журналыңыз – назирагөйліктің таза үлгісі. Өйткені, қаншама адамдардың көкірегін рухани құндылыққа толтырып жатыр. Назира дастан жазып шықсаң – жүректерге жетейін деп тұр. Әзірге бұйырғаны – жаңағы көрген рухани түсің...»

Алма Қыраубаева апайымыздың шәкірті, филолог Айсұлу Қасымбек әпкеме де жорытқанымда бүй деген еді.

«Біздің бәріміз өзіміздің бұрынғыны қайта жаңғыртатын нәзирашылдармыз ғой....

Нәзирашылдық – өмірді тани білудің бір бағамы, бір қыры... Оны жазуға бел байлаудың өзі – адамның креативтілік яғни шығармашылық ойлауының жоғарылау, даму, ойтүйін жасай білу ерекшеліктерінің көрсеткіші.

Нәзирашылдық, біздің тілімізбен айтқанда – поэзия жанрындағы интерпретация, бұрын айтылған дүниені өзіндік ойымен, түсінік және осылай болғаны жөн деген нұсқасымен жеткізу, өзіндік стилімен беру.

Алайда нәзирашылдық ешқашан көшірмешілік боп есептелген емес, себебі жазған адам өз қырын танытады, өз ойын тыңнан береді, атақты туындының өзіндік нұсқасын ұсынады. Қыз Жібектің, Қозы Көрпеш Баян сұлудың түрлі нұсқалары бар сияқты да...

Түс көрудің, түс жорудың өз жөні, өз әдебі бар. Түсті жорыт, ал өзің жорыған күнде жақсыға жоры деген қағида да бар. Ал онда қолыңды жай, жору да батаның бір түрі.

Я, бисмилла, Ұлық Алла!
Есіміңді айтып жайған қолға
Қызыр пайғамбар назарын түсір,
Ниетін қыздың еселеп қолда!
Тегінде барға – текті түс бердің,
Елеп бір айтар есті сөз бердің...
Сөз дегеніңіз – періште құсы,
Киесін көрер епті көз бергін!
Нәзирашылдық –нәмі бөлек нән,
Ол – сенім, білім... ойшылдыққа тән.
Бір ойды көрсең, онын тудырып,
Онын жүз қылып, ой жимаққа қам.
Нәзирашылдық –тарамды арна,
Бір ойдан тарар жүз ойды қарма.
Бір сөзде жатса – ой ойдың дәні,
Түрлі ойда жатар –
мың жылдық салма.
Өзіңнің ойың – бал шырын еңбек,
Айтылғанды екшеп, қолдану өңдеп.
Журналың сенің – ойлар ордасы,
Сөздің зауыты, еңбегің өнбек.
Білмедім деме – білдірер Өзі,
Білетін, Гүлжаз, келген ғой кезі.
Беретін кезде – берген де Өзі.
Нәзирашылдық – идея көзі.
Қасиет деген кезінде келер,

Жабықсаң Алла дауасын себер.
«Сарасөз» мінбер...
Қасқайып тұрып,
Өмір сұраққа – Жауабың берер!
Сөздің өнері – ғажайып кие,
Бұйдасы бөлек нар текті түйе.
Түсің – қазына: ойдың көшінде,
Керуенбасысың – тізгінге ие.

Сөзге жығылған патша мен шенді,
Сөз теңестірген артық пен кемді.
Алладан пәрмен түсіңде келді,
Сенің қолыңда – ұқсату енді.

Маған айтқаның – жоруға құқық,
Тұма түсіңде ой жатыр тұнып.
Таратып қарап, тізбегін санап,
Жорыдым сүзіп, жауһарын іліп....



Ал оразада айтылған соң, ораза айттың соңғы күнінде жоруымды айттым, талдадым, түбіне үңілдім....Сүзгенім де, сызғаным да осы.

Осы жеті ой түйінмен жору жасадым, сөз қадірін білетін жан ретінде енді осы ойларды дамытып дара өзіңе бастау көздер етіп, ісіңді дамыта бер!

Бүгін туған күні болған Алма апайымның адами, ізгі, іскер қасиеттері дарысын саған, ісің өрлесін! Алла қолдасын, Қызыр Ілияс серігің болсын!

Айсұлу апайың, 26.05.2020 жыл.

Содан келіп, нәзира-дәстүрін өкшелей іздеп, шығыс шайырларының қалың тобына күмп бердім. Сөйтсем, түркі әдебиетіндегі осы қисса-дастан жанры шығыс жерінде кең таралған нәзира дәстүрімен тікелей байланысты екен. Нәзира дәстүрі туралы талай шығыстанушы ғалымдар құнды пікірлер айтыпты. Әрқайсысы «нәзира» терминіне әр түрлі атау бергенімен, түптеп келгенде, барлығы да «нәзира» сөзінің – «жауап» деген мағына беретіндігіне тоқтайды.

Нәзира, нәзирагөйлік (араб тілінен – жа-уап, ұқсату мағынасында) – Шығыс поэзиясында орта ғасырларда қалыптасқан әдеби үрдіс. Бір ақынның жырын кейінірек басқа бір әріптес шайырдың қайта шиыршықтата жырлауы немесе алғашқыға – соңғысының «жауап» қатуы ғой. Бұл жерде, әлбетте, түпнұсқа, бастапқы туындының оқиғалар желісі, кейіпкерлері, өлең ырғағы, ұйқасы, көркемдеу құралдары мейлінше еркін пайдаланылады.

Нәзирагөйлік дәстүрі – қазақ поэзиясында да дамыды. Қасиетті Құран желілерінен, көне аңыздардан, «Мың бір түн», «Шахнама», «Тотынама», «Жүсіп-Зылиха», «Ләйлі-Мәжнүн», «Фархад-Шырын» т.с.с. ізгі іздерімен қағаз бетіне түскен дастан-қиссалар қазақ әдебиетінде жеткілікті. Ортағасырлық шығыс маржандарынан тамыр алған Абайдың «Ескендір» поэмасы мен Шәкәрімнің «Ләйлі-Мәжнүн» дастаны қазақтың өлең өнеріндегі нәзиралық үлгінің дара сипаты.

Бір қызығы, нәзира дәстүрімен жазылған шығармаларды зерттеу барысында, әсіресе Түркия елінің Н.Банарлы, А.Инан, Ф.Көпрүлузаде, А.Рефик секілді ірі ғалымдары мол үлес қосыпты.

Тарихы терең нәзира дәстүрі – араб тілінде үрдіс ретінде үдере тарап, кейін парсы әдебиетінде қайта жаңғырыпты. Қисса-дастандар орта ғасырда ғашықтық, батырлық һәм діни шығармалардың жазылуына түрткі болды. XIII-XIV ғасырда көне қыпшақ тілінде жазылған түркі әдебиетіндегі қиссаның тамаша үлгілері Сайф Сараидің «Гүлстаны», Әлидің «Қисса Жүсібі», Құтыбтың «Хұсрау-Шырыны», Хұсам Кәтибтің «Жұм-жұмасы» және, Рабғұзидің қиссалары дүр сілкіндірді.

Ал, Алтын Орда дәуірінде көркем әдебиет екі түрмен өріле дамыған: біріншіден, аударма-нәзиралық шығармалар қатарына «Хұсрау-Шырын», «Гүлстан», «Қисас-үл әнбия», «Нахжүл Фарадис», «Қисса Жүсіп», «Жұм-жұма» енсе; екіншіден,Мухаббатнама» – тың тума әдебиет үлгісі саналды.

Әзірбайжан халқының ұлық ақыны Низами Гәнжауи XI ғасырда өзінің атақты «Хұсрау мен Шырын» поэмасын жазды, нәзира дәстүрімен жырлаған шоқтығы биік – «Хұсрау-Шырын» дастанының орны айрықша. Арада үш ғасыр өткенде (XIV ғасыр) Дешті Қыпшақ

даласында қыпшақ ақыны Құтыбтың «Хұсрау-Шырын» дастаны жазылды. Ал, өзбек ақыны Науаидың өзімізге етене таныс өмірге жақындатылған нұсқасы «Фархад-Шырын» аталып, өзгешерек құралды.

Низами Гәнжауиге ғашықтық поэма жазу туралы ұсыныс түсіп, ақын ежелгі Иранның тарихи деректемелерін іздеуге кіріскенде, назарына өзінің жарына деген адал махаббатын өлімімен дәлелдеген сұлу Шырын түседі. Кейбіреулердің болжамынша, Шырын образы – Низамидің сүйікті жары, қыпшақ қызы Афактың бейнесі болуы әбден мүмкін. Фирдоусидің «Шахнамасындағы» арнайы бөлімде де шырайлы Шырын бейнесі бар.

Әлем әдебиетінде әйел бейнесінің кең тараған түрлерінің бірі – ғашық жардың образы. Ақжүніс, Гүлбаршын, Ләйлі – сұлулықтың



символы ғана емес, ақыл-парасаттың да үлгісі.

«Хұсрау-Шырын» дастанындағы Шырынның тарихи тұлғалық бейнесі ғаламат. Енді Хұсраудың бірнеше әйелге үйленгенімен, ешбірін Шырын секілді құлай сүймеуі–шайырдың төл тағдырымен астасып жатыр. Фирдоуси нұсқасында Шырын берген удан Мариям қайтыс болады, ал, Низами бұл жағдайға «Шырын ондай опасыздыққа баратын жан емес» деп, үзілді-кесілді қарсы шығады.

Хұсрау бейнесі – дастандағы ең күрделі образ. Батылдығы, адамгершілігі, сұлулығы бір басына жетіп-артылатын Хұсрау – меннмендіктің қақпанына шырмалғандай көрінеді. Тіпті, ерлік істерді де ол – ақыл-парасаты мол Шырынның нұсқауымен орындайды. Шырынның ықпалымен Хұсрау әділ билеушіге айналады. Хұсрау бейнесі екіге бөлінеді: бірі – махаббатқа опасыз, ойын-сауыққа құмар; екіншісі – елге қайырымды, әділ билеуші.

Хұсрау бейнесі – махаббатты жырлағанымен, нағыз ғашық жанның күйзелісі емес, тереңінде тазалығы кем, эгоистік сезім жатыр. Хұсраудың жеңісі – оның рухани күйреуінің көрінісі ғана...

***

Низами Гәнжауиден «Ескі шөңгелерді қопарып тастамасаң, жас өскін өспейді» деген өсиет сөз қалыпты. Не деген шындық түйін!

Соңғы кезде мен ән тыңдамайтын болғам. Кішкентайымнан ыңылдап, домбыра шертіп өскен баламын ғой. Таза дауыс емес, әбден өңделген фонограмма әсер етуден қалған. Бір мен ғана емес, жалпы ел ығыр болды білем, жасандылықтан. Елден ала келген домбырамды анда санда өзім шертіп, мауқымды басамын, қазір...

Құдайдың шеберлігінде шек бар ма: Қырғызстанда туылып, Түркістанда өскен, Түркиеге білім-тәжірибе тіртінектеуге келген өзім туралы көп ойланам. Жаратқан Ием мені «түркіге ортақ тұлға, ел анасы болсын деген шығар» деп толғанып жүргем. «Міне, олай болса, саған мүмкіндік» деп, Бурсаға жол түсті...

***

Қазақтың қадірлі перзенті Дүйсен Қасейінов тізгінін ұстаған ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы 2021 жылды «Низамидің 880 жылдығы», «Юнус Эмренің 700 жылдығы» деп жариялап, мерейтойларын жылдың басынан бері түрлі іс-шаралармен атап өтіп келеді. Соның бірегейі – өзім тікелей ат басын тіреген шалқыма шара-концерттер легі деп түсіндім...

Низамидің нақышты назын айтып, Әміренің әсерлі сазы туралы ұмыту – қиянат болар еді.

«Көкіректі кеңдей қылып кермедім,

Көр ауқатқа «көмілем» деп келмедім.

Құдіретті Құдай менен дос болып,

Көңілдерді көтеруге келгенмін», – деп, бес күн тірліктегі тұғырын сайлап алған

түріктің тарпаң ақыны, ежелден қазақ баласы Жүніс Әміре (Yunus Emre, Юнус Эмре) атаған аса алып шайырдың аты әлемді аралап кеткен...

Ылғи исламдық ақиқатты жырлап өткен Юнус Эмре – негізінде Алла мен адам сүйіспеншілігі жатқан сопылық идеяның болмысында туған ақын. Барлық сопылар сияқты Юнус та «Алла ғана жалғыз шынайы болмыс иесі» деген тұрғыдан ой қозғайды. Алла, иләһи



махаббат, болмыс, жоқтық, өмір мен өлім сынды тақырыптарды көп қаужаған Әміре болмыс пен тіршілікті, өлім мен махаббатты, өмір мен ғаламды сопылық сүйіспеншілік көзқарасы бойынша жырлайды.

«Ғаламдағы барлық тіршілік пен болмыс иелеріне сүйіспеншілікпен, махаббатпен қарау керек» деген тұжырыммен өлең өрген Жүніс Әміре – Анадолыдағы Қожа Ахмет Иасауи жолын қуған сопылық мектептің негізін қалаған түрік ақыны. Кейбір ескі қолжазбаларда оның хижра бойынша 720 ж. 82 жасында қайтыс болғандығы туралы ақпар қалған. Бұл деректерді оның өз шығармалары да («Насихаттар кітабы») растайды. Түркияның әртүрлі аймақтарында Жүніс Әміреге арналып құлпытастар қойылып, мазарлар салынған.

«Жаратылыс және жалпы жәндіктерді Құдай жаратқандығы үшін сүйем», деп жар салып, «жер шарындағы бүкіл адамзатқа бірдей мәміле жасаймын» деген қарапайым дәруіш Жүніс Әміре – Европадағы «гуманизм» ағымы басталған дәуірден екі ғасыр бұрын өмір сүріп, жеті жүз жыл бұрынғы тұңғиық тұрмыстың тереңінде қалған адамзатты адасудан жарыққа шығаруға бар күш-қайратын салған әлемдік деңгейдегі аса ірі ақын...

Сондықтан, шығыс шайырларының тұңғиық құпиясына ден қойып, жырлары мен саздарының ләззатына балқыған мен «нағыз музыканың құдіретін осы жолы түсіндім» деп ауыз толтырып айта аламын. Ұлы музыканың, музыканттардың әлемін түсіну – Миғраж сапарына жетелегендей еді...

Тиісті жеріме концерттен бір күн бұрын барғанымның пайдасы тиді. Кешкі асты музыканттармен бірге ішіп, сұқбат алуды бастап та кеттім. Алматыдан келген композитор, жылы жүзді Хабибулла Сетеков ағамның жанына жайғастым. Таныса келе: «Ой, айналайын, қырғыздың қызысың, қазақша білесің, өзбекше түсінесің, орысша, түрікше білесің. Міне, ғажап!» – деп, арқамнан қаққанда, демімді ішіме тарттым. Иә, Халықаралық журналистикаға ауыз сала бастағанымды өмір көрген ағам, айтпай ақ түсінді...

Эдирнеде, Текирдакта өткен концерттер туралы айтып отырып, ағамыз «Юнус Эмре бабамыз» деген шығарма жазғанынынан хабардар етті.

– Қылқобызда Ақерке Тәжібаева сүйемелдейді. Солистер Назым Сағынтай мен Таир Тажигулов орындайды, – деп, өнерпаздармен де таныстырып өтті.

Әңгіме арасында «Әттең, осы концертті Еуропада көрсете алсақ қой» деді. «Еуропалықтар бізді «әлі атта шауып жүр» деп менсінбей, «үшінші сорттағы адамдар» деп қарайды ғой» - деп, қалды...

Күндіз-түні тыным таппай, осынау орасан шараларға ұйытқы болып, жүзеге асырып, жүгіріп жүрген Дүйсен Қорабайұлына өз тарапынан: «Жүз емес, жүз елу жыл жасасын!»- деп, ағынан жарылып, алғыс жаудырды. Әумин!

Алпамса кеуделі, тенор дауысты қырғыз ағам Айбек Саралаев – Юнус Эмренің бүкіл түрік жұрты жатқа шырқайтын «Askin Aldi Benden Beni» әнін орындайды екен...

Әзербайжанның мақтанышы, әнші Илхом Назаровпен де шүйіркелесудің сәті түсті...

***

...Қазақстан Ұлттық арнасының

Түркиядағы тілшісі Айдос ағам екеуміз Бурса сапарын мағыналы еткіміз келіп, 1399 жылы салынған ұлы жәми мешітіне бас сұқтық. Дәретімізді алып, кәлима айтып, екі бас намазға жығылдық. Аллаға мадақ, Пайғамбарға салауат айттық. «Бас амандығымызбен қоса, түркі халықтарын ынтымағынан айырма» деп дұға еттік!

Бурсаның жібегінен беторамал алдық. Мәшһүр кестане (kestane) тәттісін «үйдегілерге базарлық» деп, «чөнтөгүмүзгө» ырғыттық. Бурса-кебаптан да дәм таттық. Тұз дәм тартса, пенде бейшара қайда жүрмейді десеңізші...

Концерттен соң, сәті түсіп, тамақ үстінде Дүйсен ағамнан: «Аға, әр жоба сіздің іштен шыққан перзентіңіз секілді ғой, қандай сезімдесіз?» деп сұрадым. Жылы жүзді



ағам, жымиып қана: «Бұл концертке жеті, сегіз ай дайындалдық. Егер осынша уақыт дайындалмасақ, мұндай жоғары деңгейдегі концерт өтпес еді» деді.

Сөздің расы да, осы...

...Музыканың жаным мен тәнімді емдегені – анық. Қайтар жолда жүрегім айнып, көлікті тоқтатуға тура келді... Үлкендердің «кесел кетті» дегені осы болар, бәлкім, кім білсін...

Көңілдің өсуінен сақта, Жаббар Ием! Саған деген ықыласым суыған емес, ықыласымнан танырсың...

Әлі талай сапарды нәсіп ететініңді сезем...

ӘДЕМІ ӘСЕР, ПАЙЫМДЫ ПІКІРЛЕР

Чинара Хейдарова, Әзербайжан, солист: – Түркінің ірі тұлғалары Низами Гянджауи мен Юнус Эмре туралы кеңірек насихаттап, терең шаралар өткізгеніміз – өте орынды. Низами – өте ұлықты пәлсапашы. Оған ұқсаған шайырлар мың жылда бір туылады. Әркімнің өз орны, өз ғажабы, өз биіктігі бар. TÜRKSOY Халықаралық түркі мәдениеті ынтымақтастығы ұйымы – менің екінші үйім, ыстық отаным; ол ұйымдастырған гастрольдер мен концерттерге он жылдан астам уақыт қатысып жүрмін, әрдайым құшақ жая қарсы алады.


Айбек Саралаев, Қырғызстан, Қырғызстанның еңбек сіңірген әртісі: – Түркі халықтарының классиктеріне арналған концерттермен көптеген қалаларды араладым. Ірі тұлғалардың мерейтойын түркі халықтарының бірігіп тойлап жатқаны – зор қуаныш сыйлайды. Өзім орындаған Юнус Эмренің танымал шығармасы көптің көңілінен шықты. Репертуарыма түркі халықтарына белгілі белді шығарманың қосылғанына разымын.

Назым Сағынтай, Қазақстан, солист: – ТҮРКСОЙ ұйымымен бұған дейін Жапония, Кипр, Испания мемлекеттеріне бардым. Бұл күндерді ешқашан ұмытпаймын.

Алибек Абдурахманов, Өзбекстан, Өзбекстанның Ұлттық-симфониялық оркестрінің бас дирижеры: – Түрік оркестрлерімен және Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия, Түркменстан елдерінің үздік керемет солистерімен бірге жұмыс жасап, концерт қою – үлкен мәртебе. Бұл – ТҮРКСОЙ ұйымының аса ауқымды да абыройлы жобасы болды.

Рашад Маммадов, Әзербайжан Республикасының Түркиядағы Төтенше және өкілетті елшісі: – Әзербайжанның ұлы ақыны Низами Гянджеуи (туылғанына 800 жыл) мен түріктің алып шайыры Юнус Эмренің (өмірден көткеніне 700 жыл) құрметіне арнап, ТҮРКСОЙ

ұйымының бастамасымен Түркияның Бурса қаласында ұйымдастырылып, бізді 1000 жылға артқа қайтарып, есімізге салған өте



ғажап концертке түрік әлемнің түкпір-түкпірінен (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркменстан, Әзербайжан) ең мықты, танымал деген композиторлар мен орындаушылар қатысып, Бурса қаласының оркестрі сүйемелдеп, ортақ тарихымызды, мәдениетімізді, салт-дәстүрлерімізді бір арнаға құйды. Түркі халықтарының ынтымақ-бірлігі арта берсін!

Ақерке Тәжібаева, Қазақстан, солист: – Қылқобызшы ретінде халқымыздың рухани жансерігіне айналған қылқобызды насихаттаумен қатар, Юнус Эмре мен Низамиді еске алуға арналған дүбірлі тойларда көптеген туыс елдердің өнер майталмандарымен тәжірибе алмастық. Мен Низамидың сөздеріне жазылған Әзірбайжан әнін орындап, Хабибулла Сетеков ағамыздың Юнус Эмреге арналған әнінің тұсауын кестік. Бұл концертте түркі халықтарының өзара достығы нығайып, бауырлық байланысы бекемделе түсті.

Ильхам Назаров, Әзербайжан, Әзербайжанның еңбек сіңірген әртісі, Әзербайжанның алғашқы контртеноры, Халықаралық байқаулардың лауреаты, Әлем бойынша (Францияда, Англияда, Италияда т.б.) ең мықты вокал мұғалімі: – Түрксойдың іс-шараларының барлығы өте жоғары деңгейде өтеді. Мен Түрксойдың фестивальдерінде өте көп қатысамын. Қазақстанға өткен «Voise of Astana» байқауында Т.Мұхамеджановтың «Менің қалам» әнін орындап, лауреат атандым. Түрік халықтарының бірлігіне үлесім тиіп жатқаны үшін бақыттымын!

Хабибулла Сетеков, Қазақстан, композитор: – Юнус Эмренің шығармаларын композиторлар өңдеп, симфониялық оркестр сүйемелдегенде, жаңаша сипатқа ие болды. Юнус Эмреге арналған менің жаңа әнімнің тұсауы кесілді. Түркі халықтарының өздеріне тән таңғажайып аспаптарын тыңдап, көңіл-күйіміз ерекше көтерілді. Бұл бастаманы әрі қарай дамыта түсу керек. Осынау орасан шараларды ілкімді ұйымдастырып, дүниежүзіне түркі халықтарының мәдениеті мен өнерін танытуда шексіз жұмыстар атқарып жүрген TÜRKSOY Халықаралық түркі мәдениеті ынтымақтастығы ұйымының Бас хатшысы Дүйсен Қасейіновке айрықша алғысымыз мол. Егер Еуропада өнер көрсетсек, түркі халықтарының мәдениеті танылып қана қоймай, Еуропаның ойы да мүлдем оңды бағытқа өзгеретін еді.

Хатидже Зейналова, Әзербайжан, композитор: – Германиядан арнайы келдім. Низамиді жаным сүйеді, оның шығармаларына арналған менің туындыларым көп. Юнус Эмреге де арнап туындылар жаздым. Симфониялық оркестрмен концерт беру бақыты – күнде бұйыра бермейді. ТҮРКСОЙ ұйымының Бас хатшысы Дүйсен Қорабайұлына шын ниетіммен үлкен алғыс айтамын.

ТҮРКІСТАН-ТҮРКИЯ.



ТАМЫЛЖЫҒАН ТҮРКІ ҮНІ

ТҮРКІ әлемінің жауһарлары





ЖІБЕК ШЫМЫЛДЫҚ ЭДИРНЕДЕ АШЫЛДЫ

Түркі жұртының қос жұлдызы Низами Гәнжауидің туғанына 880 жыл толуына және Юнус Эмренің бақилық болғанына 700 жыл өтуінеорай, Халықаралық Түркі мәдениеті ұйымының (TÜRKSOY) баянды бастамасымен ұйымдастырылған «Түркі әлемінің жауһарлары» атты концерттер топтамасының алғашқы беташары Эдирндегі Фракия университетінің Балқан конгресс-орталығында шымылдығын ашты.

Дүниенің төрт бұрышындағы түркі әлемінің әрбір елінен арнайы келген танымал өнер қайраткерлерінің басын қосқан концерттің ашылуында сөз сөйлеген ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы Дүйсен Қасейінов Түркия Республикасының Президенті Реджеп Тайып ЕРДОҒАНның 2021 жылды «Юнус Эмре және түркі тілі жылы» деп жариялағанын еске салып, шынайы ризашылығын білдірді.

ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы Дүйсен Қасейінов былай деді: «Юнус Эмре ((Жүніс Әміре (Ynus Emre) (1240-1321, қазіргі Түркия)) – Анадолыдағы Қожа Ахмет Иасауи жолын қуған сопылық мектептің негізін қалаушы, аса атақты түрік ақыны. Сонымен қатар, ол Орта Азиялық сопы Қожа Ахмет Ясауидің өлеңдеріне еліктеп Месопотамия, Анадолы және Балқан аймақтарында түркі-

ислам сопылық әдебиетін негіздеген және оғыз түркілердің ауызекі тілін жазба тілдік қалыпқа салып, тарихта өзінің өшпес ізін қалдырған. Жеті ғасырлық тарихты қамтыған ақынның тілі қазіргі батыс түрік тілінің өзегін құрайды. Көне қолжазбаларда Жүніс Әміре хижра жыл



санауы бойынша 720 ж. 82 жасында қайтыс болғандығы жазылған. Бұл деректерді оның өз шығармалары («Насихаттар кітабы») да растайды. Өлеңдерінде халыққа Ислам қағидаларын түсіндірген. Түрік тілінен бөлек араб және парсы тілдерін мықты меңгерген. Медреседен тәлім алып, тарих, география және философия ғылымдарын жете зерттеген Юнус Эмре – Ислам мәдениетін терең іздестірген зиялы адамдардың бірі болған».

Расында, өзінен кейінгі ақындарға ұстаз болып, қарапайым халық тіліменен тамаша өнер туындысын жасауға болатындығын дәлелдеген және діни, сопылық тіркестердің арабша, парсыша атауларымен бірге түрікше аттарын катар қолданған Юнус Эмре – XIII ғасырда Анадолыда (Түркияда) өмір сүріп, теңдессіз мұра қалдырған марқасқа шайыр.

Низами мен Эмре концерттерінің шаралар-шоуының беташарында ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы Дүйсен Қасейінов ТҮРКСОЙ ұйымының 2021 жылы ұлы әзірбайжан ойшылы Низами Гянджавиді еске алу құрметіне орай бірқатар іс-шаралар ұйымдастырып, жүзеге асырғанын тілге тиек ете келіп: «Біз рухани бай және тамыры терең түркілер тарихын – өнер тілімен жеткізуді жөн көрдік. Түркінің Ганджави мен Эмредей екі ұлы ойшылының қазыналы мәдени мұрасы һәм философиясына арналған іс-шаралар өнер сүйер қауымға жыл бойы Африкадан – Балқанға дейін әлемнің көптеген жерлерінде ұйымдастырылып, алдағы уақытта тур аясында Текирдаг, Бурса және Анталияда концерттер өтеді»– деді, ағынан жарылып.

Фракия университетінің проректоры, профессор Ахмет Хамди Зафер «түркі әлеміндегі бірлік, ынтымақ, бауырластық мәңгілік болсын» деген тілегін айта отырып, түркі әлемінің қос көрнекті тұлғалары Юнус Эмре мен Низами Гәнжауидің есімін түркі жұртының бүгінгі таңдағы аса танымал өнер қайраткерлері мен дирижерларының қатысуымен ұйымдастырылған ауқымды шығармашылық кешке зор ризашылығын білдірді.

Халықаралық Түркі мәдениеті ұйымы ұйымдастырған гастроль аясында түрік өнер сүйер қауым әлемнің 5 елінен 200-ге жуық өнерпаз қатысқан түркі әлемі композиторларының музыкалық туындыларының премьерасын тыңдауға мүмкіндік алды.

Биылғы жылды Түркия президенті Режеп Тайып Ердоған «Юнус Эмре және түркі тілі жылы» деп, ал, Әзірбайжан Республикасының Президенті Ильхам Әлиев «Низами Гәнжауи жылы» деп жариялаған болатын.

Әзірбайжанның асқақ ақыны Низами Гәнжауидің туғанына 880 жыл және таза түркі тілінде жасаған поэтикалық мұрасы аса қазыналы Юнус Эмренің қайтыс болғанына 700 жыл толуына орай түркі әлемінде қабырғалы іс-шаралар ұйымдастырылды.

Низами мен Эмренің мерейтойларына арналған концерттер турының шымылдығы Фракия университетінің Балқан конгресс-орталығында ашылып, Фракия университетінің Балқан симфониялық оркестрі, солистер: Нилгун Қызылжы (Түркия), Әзірбайжаннан Хосров Хакан Амири және Чинара Гейдарова, Қазақстаннан Назым Сағынтай, Таир Тәжігубек, Ақерке Тәжібаева, Айбек Е.Саралаев, Айзирек Сара-



лаев, Айзирек Саралаева және Өзбекстаннан дирижер Әлібек Қабдурахманов өнер көрсетті.

Фракия университетінің проректоры, профессор Ахмет Хамди Зафердің жетекшілігімен түркиялық Йизирек Намюпейірден Эмилбекова мен Өзбекстаннан келген Бекзод Тураев Юнус Эмре мен Низами Гәнжауидің шығармашылық мұрасына негізделген шығармаларды құйқылжыта орындады.

ЖАУҺАРЛАР ЖАҢҒЫРЫҒЫ ТЕКИРДАКТА ТАМЫЛЖЫДЫ



Низами мен Эмре концерттері шоу-шаралары екіншісі – Текирдаг қаласындағы Яхья Кемал Бейатли мәдени орталығында «Түркі әлемінің жауһарлары» деген атпен өтті. Алдымен, Әзірбайжандық суретші Микаил Абдуллаевтың Низами Гәнжауидің поэтикалық мұрасы мен Юнус Эмренің өмірі, шығармашылығы, философиясын бейнелейтін картиналар көрмесі ашылды. Көптеген белгілі ғалымдар мен өнер сүйер қауымының алдында қазақ композиторы Хабиболла Сетеков ғаламат шараға әдейі басын тіреп, көрме мен концертке қатысқан Текирдаг губернаторы Азиз Йылдырымға ТҮРКСОЙ ұйымы атынан Низами Гәнжауи құрметіне деп, арнайы сыйлық табыстады. «Атақты дастанында Низами Хұсраудың таққа отыру салтанатын, оның дүние- жиһазын, ақсүйекті ата-тегін мақтай келіп, ең бастысы, Хұсраудың әділетті, оқыған, адамгершілігі мол жан екеніне көбірек көңіл бөлді. Адамның бойындағы ең асыл қасиеттерді – адалдықты, мейірімділікті, бауырмалдықты, мөлдір махаббатты, білімділікті, еңбек сүйгіштікті ту етіп көтерген бұл дастанның тәрбиелік, танымдық мәні зор» – деді өз сөзінде Текирдаг губернаторы Азиз Йылдырым ризашылық сезіммен.

2022 ЖЫЛҒЫ ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ МӘДЕНИ АСТАНАСЫ БУРСА ҚАЛАСЫНДАҒЫ АЛАМАН-ТОЙ

Аламан концерттік турдың үшінші кезеңі – Түркі әлемінің 2022 жылғы мәдени астанасы Бурса қаласындағы Ататүрік мәдениет үйінің Меринос Османгази залындағы Бурса конгресс-орталығында заңды жалғасын тапты.

Ә дегенде, түркінің қос тұлғасына арналған шараның басында түркі композиторлары жасаған жаңа туындылардың тұсаукесері ұйымдастырылып, ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы Дүйсен Қасейінов, Бурса қаласының әкімі Алинур Акташ, Әзірбайжан Республикасының елшісі Решад Мамедов, Әзірбайжан Республикасы Мәдениет министрлігі Әкімшілік басқармасының басшысы Акиф Марифли т.б. мемлекеттік ұйым өкілдері мен өнер сүйер қауым қатысты.


ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы Дүйсен Қасейінов түркі әлемінің әйдік өнерпаздары: Ильхам Назаров (контртенор, Әзірбайжан), Хосров Хакан Амири (тенор, Әзірбайжан) Назым Сағынтай (сопрано, Қазақстан), Таир Тәжіғұлов (бас, Қазақстан), Айбек Саралаев (тенор, Қырғызстан), Айзирек Момунова (сопрано, Қырғызстан), Носир Юсупов (баритон, Өзбекстан), Нилгун Кызылжы (вокалист, Түркия), Чинара Гейдарова (Канун, Әзірбайжан), Акерке Тәжібаева (қыл қобыз, Қазақстан), Салия Эмилбекова (қомуз, Қырғызстан), Бекзод Тураев (най, Өзбекстан) және Сулейман Ярд (Нее, Түркия) дирижерлер Өзбекстаннан Әлібек Қабдурахманов пен Түркиядан келген Эрай



Иналдың жетекшілігімен Бурса облыстық мемлекеттік симфониялық оркестріне жоғары кәсіби өнерлері үшін шынайы алғысын айтты.

«Мемлекетті әділдік жолымен басқару керек, патша тағына отыратын адам халық қамын ойлайтын, жан-жақты білімді, өнер, ғылымға қамқорлық жасайтын, биік парасат иесі болуға міндетті» деп тұжырым жасаған Низами Гәнжауидің қанатты сөздерін еске

алған ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы Дүйсен Қасейінов Бурса қаласының мэрі Алинұр Ақташқа Низами Гәнжауидің көрнекті бейнесі кестеленген картинаны және Әзірбайжанның Түркиядағы елшісі Решад Мамедовке Юнус Эмренің көркем боялы портретін сыйға тартты.



АНТАЛИЯДАҒЫ АРМАН МЕН ҮМІТ КЕШІ

ТҮРКСОЙ Халықаралық Түркі мәдениеті ұйымының (TÜRKSOY) ұйымдастыруымен түркі әлемінің әдеби биігі Низами Гәнжауи мен Юнус Эмреге арналған «Түркі әлемінің жауһарлары» атты концерттік турлары арман мен үміттің қарлығаш-шаһары Анталия қаласындағы Ататүрік мәдени орталығында өтіп, әйгілі Аспендос залындағы концертпен шымылдығын жапты.

Аса ауқымды гастрольдік сапарларды ТҮРКСОЙ, Түркия Республикасының Мәдениет және туризм министрлігі, Текирдаг губернаторы әкімшілігі, Бурса қаласының әкімдігі, Фракия университеті, TRT Avaz мемлекеттік телерадиокомпаниясы, Фракия университетінің Балқан симфониялық оркестрі, Бурсой атындағы мемлекеттік мәдениет орталығы, Анталия мемлекеттік симфониялық оркестрі және Анталия қалалық әкімшілігі бірлесіп ұйымдастырды.

Түркі өнерінің қазіргі мақтаныштары: Ильхам Назаров (контртенор, Әзірбайжан), Хосров Хакан Амири (тенор, Әзірбайжан) Назым Сағынтай (сопрано, Қазақстан), Тайыр Тәжіғұлов (бас, Қазақстан), Айбек Сараласв (тенор, Қырғызстан), Айзирек Момунова (сопрано, Қырғызстан), Носир Юсупов (баритон, Өзбекстан), Нилгун Кызылджи (вокалист, Түркия), Чинара Гейдарова (Канун, Әзірбайжан), Ақерке Тәжібаева (қыл қобыз, Қазақстан), Салия Эмилбекова (қомуз, Қырғызстан), Бекзод Тураев (най, Өзбекстан) және Сулейман Ярд (Ней, Түркия), Өзбекстаннан Әлібек Қабдурахманов, Эрай Инал және Түркиядан профессор Ахмет Хамди Зафер басқаратын үш симфониялық оркестрімен бірге өнер көрсетті.

Дүниенің төрт бұрышындағы өнерсүйер қауымның зор қызығушылығын тудырған шартарапты шара-концертке ТҮРКСОЙ ұйымының Бас хатшысы Дүйсен Қасейінов, Қырғыз Республикасының Түркиядағы Елшісі Кубанычбек Омуралиев, Анталия қалалық әкімшілігі Бас хатшысының орынбасары Дурмуш Али Аслан т.с.с. лауазымды тұлғалар қатысты.

Түркі әлемінің түрлі елдеріненің талантты тұлғалары бас қосқан концерттің ашылуында сөз сөйлеген ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы Дүйсен Қасейінов: «ТҮРКСОЙ ұйымы 2021 жылы әзірбайжанның ұлы ақыны Низами Гәнжауи мен түркінің таңғажайып шайыры Юнус Эмрені еске алуға арналған іс-шараларды өткізуге ерекше көңіл бөлді. ТҮРКСОЙдың халықаралық деңгейдегі өнер көрмелері Юнус пен Низамидің пәлсапасын кеңінен насихаттады. Екі ұлы тұлғаның терең рухани және мәдени мұрасын біріктірген іс-шараларымыздың барысы әлемнің түкпір-



түкпіріндегі өнерсүйер қауымды өзара таныстырып, олармен танысуға мүмкіндік берді» – деп, айрықша атап өтті.

ТҮРКСОЙ Тұрақты кеңесінің шешіміне сәйкес 2022 жылғы Түркі әлемінің мәдени астанасы деген жоғары мәртебеге ие болған Бурсадағы концертті Түркияның TRT Avaz мемлекеттік телерадиокомпаниясы тікелей эфирден көрсетіп, «Түркі әлемінің жауһарлары» атты ТҮРКСОЙ-дың концерттік турларын көпшілік тамсана тамашалады.


TRAKYA ÜNİVE
1982




Türk Dünyası
Şaheserleri Konse





МӘҢГІЛІК МАХАББАТ ЖЫРЫ

«Ләйлә» дертін жазар» деп, «Ләйлә» ғана

Айгүл КЕМЕЛБАЕВА,
жазушы

«Хамсадан» біздің ғасырға келіп қалып ең қалай, паң Ләйлә?!
О, Ләйлә, сен де асылең...»

12 ғасырда Низами Гәнжәуидің «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасын кейіннен 79 ақын көз жасын көлдетіп жырлады...



Қайғының ең сұлу бейнесін егіле суреттейтін бұл сюжет – таңдауға түсе берді. Әуелде Вергилийден, сосын, шығыстық поэзиядан – Шекспирге ауысты. Ең беделді зерттеушілер ортағасырдың негізгі мәтіні – аударма болғанын жазады. Әсіресе, Ренессанс әдебиетінде қарыздану –көркем шығарманың маңызды сыңары болды. Сюжет даяр үлгіден алынды.

Гәнжәуи жазған жырдағы қызбен аттас па ең,

О, Ләйлә, егер болмасаң өзің өмірде,
Басқа мұратты бас қатырсам да таппас па ем...

Жұматай Жақыпбаев, шұғылалы сұлу ақын, «ол емеспін» десе де – Мәжнүні тағы өзі ғой, ақындар жазмышынан озмыш кеткен жоқ.

Ләйлі – нағыз ақындар тегіс сүйген өлең Ару, зікір салу. Ақан сері Ләйлім-шырақ деп сәулеге теңейтін арманға арзу. Құлагер кешіккен соң– Ақан серіні «дәруіш болмады» деп кім таласар. «Дәруіштік –қарғыс емес, бата» десек ше. Қожа Хафиз өмір бойы лашықта дәруіш өмірін сүрді. Ұлы шайырлардың сүйегі құрап қалса да, тірі сөздерінен жарық дүниеге мейір, сағыныш нұры құйылады.

Руми –бізге өзі әлі тумай тұрған жүз жылдықтардың ең асыл керуенін алып келген керуенбасы. Шынайы мол қазына, қисапсыз. «Жүрекке сәуле қонбаса» (Абай) ашылмайды. Румиден тұтас алу мүмкін емес. Оның шығармашылық мұрасы– табиғат құбылуына тең. Жылдың төрт мезгіліндей бірмезетте жалынан ұстатпайды. Румиде Ләйлі-Мәжнүнсарыны «Месневиді» көктей өтетін лейтмотив. Ол баршамызға бірдей ашыла бермесе де, әркім оған өз жүрегімен келуге рұқсат. Руми поэмасында Ләйлі-Мәжнүн образы эпикалық, хиссалық емес, притчалық, эпизодтықтүрдеберілген.

Низами 1209 жылыдүниесалды. Ол 12 ғасырда өмірсүрді. НизамидыңірізерттеушісіА. Бертельс былай дейді: «Ибн-аль-Араби (Испаниядаөмірсүрген) 13 ғ. басында былай деп үйретті: «Көркем әйелден Құдай бейнесін тану– хақ» («Видение бога в прекрасной женщине – самое совершенное»). Осы уақытта (11-12 ғғ.) ескі исламға (7 ғ.) дейінгі арабтың Узра тайпасының махаббаткультіі–мистикалық араб поэзиясында өріс алды. Низамидың «Ләйлі мен Мәжнүні» –арабтың Узра тайпасының махаббаттың күл қылып өртеп жіберетін күші туралы аңызының

жетіліп дамуы болып табылады».

Шығыс шайырларында жербетіндегі махаббаттан космостық құбылыстың өзегін көру зор, соның таңғажайып әсерінен екі ғашықтың сұлу бейнелері өшпестей із қалдырды. Ләйлі-Мәжнүн деастральдық әлемнің белгілері бар. Мысалы, Рудакидың (860 маңы – 941) көруінде. Оның газелдерінде«Ләйлініңбұрымын көргенде, Мәжнүн есін жоғалтты»деп жырлайды. «Расында адамзатты көркем бейнеде жараттық» (95:4), сұлулықтың тылсымсырынҚұран растайды. Махаббат пайғамбары. Бұл–Рудакиде анық қосарлы. Ол гүл жүзінен–Ләйліні, бұлттыңжауған тамшыларынан–Мәжнүннің көзжасын көреді. Жаңбырдан гүл өседі. Жазғытұры қызғалдақ Ләйлінің шырайындай құлпырар, толассыз жауған шоқбұлт Мәжнүнше егіледі.

Сағди (1203-1210 арасы – 1292) қос ғашықты Шираздантапты, бірақ, шемен қатқан Мәжнүнді Ләйлімен жүздесу–азаптан құтқара алмайды. Жұрт Мәжнүннен«елден неге жырақсың, кісікиіксің, Ләйліге деген махаббатыңнан не қалды?»–деп сұрайды. Жігіт жаны шырқырап ауырып тұрғанын көріп олар«қызға хабар салайық»депа яйды. Мәжнүн тыйымсалады: «Ләйлінің жаны қатты қиналып азап шекпесін десеңдер, оған мен жайлы лəм-мим демеңдер».

Мы, словно ищущий Лейли, неуловимого желаем:

Меджнуны в поисках бредут с неутомимым исступленьем...

Бұл–Кемал Худжанди (? – 1391-1400 арасы), шырағданнан тамғандай алтын көз жасын ағызатын парсы-тәжік ақыны. Қазір суфизмнің бір символы шырағданға сұқтанатын кім бар, ескіліктің қалдығыкөреді. Шираз бұлбұлыҚожа Хафиз Айды бесік қылған аспаннан Ләйлі-Мәжнүннің мекенін көреді.

Жәми (1414-1492) «сен Ләйліге ұқсайтын аруды сүйесің жүрегім, Мәжнүннің жолын таптайсың» деп торыға жырлайды.

Мир таинства любви творит издревле.

Чем можешь землю одарить, о сердце?

Бұл сырды қазаққа Абай ашты:

Махаббат қылса–тәңірі үшін. («Алла деген сөз жеңіл»).

Низамиде Ләйлінің ұзын бұрымын көрген сәтте Кейс Мәжнүнге айналып, қалыңмалға өз жүрегін берді.

Руми –Ләйлі-Мәжнүнді жер бетіндегі өмірден құдіретті тұспалға шендестіріп, үшпаққа шығарды.

«Жүректің әмірі», «Жүректің бұйрығы» концепциясын Низами, Руми, Хафиз, Кемал Худжанди мен Жәми енгізді. Руми адам тұлғасын құдайшылжаратылыстың шыңырау биігіне көтерді. «Месневидің» бірінші кітабында «Әлдебір халиф Ләйліге сұрақ қойғаны және берілген жауап туралы әңгімеде» суфизмфилософиясыныңнеоплатондық сарыны ашылды. (О.Ф.Акимушкин).

Халиф Ләйліден «Кейс байғұсты ақылынан алжастырған сенбісің?» – депсұрайды, себебі, ол керемет сұлулықты оның бойынан көріп тұрған жоқ. Жасқыздыңжауабы мынау: «Сұлулықты көруің үшін сен Мәжнүн болуың керек. Оның нұры көзіңде ойнап, маған екід үниеде де адал болуың керек. Бейқам жандарға шадымандықты сезіну–қайдан болсын, сені аяп тұрмын. Бұзылыпшіритін оңғақ, жалғандүниеге жаны құмарлар құрқаларына дау жоқ».

Ләйлінің халифке көңілі толмайды. Мәжнүн – құдайға деген шынайы, сөнбес таза махаббат ишарасы, Ләйлі – Жарға сүйіспеншілігінің арқасында бұл қасиетке ие болды.

«Ләйлә, илло-алло...» деп тұр екен, – деп жырлайды біздің Жұматай. Басқалар Ләйліден нәзік, қараторы қызды көрсе, бұл олардың мистикалық мағынада соқыр екенін көреді. Суфийлер көкірегі ояу күйді «жүрек көзі» дейді.

Ләйлі – арабша, еврейше «лил» – түн деген сөз. Мәжнүннің зар жылап сүйген сүйіктісінің есімі түп атауы –Лилитке тіреледі. Көне еврей аңызында Лилит –Хауа анадан бұрын Адам атаның бірінші әйелі болған. Лилит бейнесін каббала, сиқырда кеңінен пайдаланған. Шумерлік пері –Лилу мен Лилитудан шығады. Адам –Ева үшін Лилитті тастаған, яки, ол өзі жұбайынан кетіп қалған.

Руми –Ләйліге кіршік жұқтырмайды, өзі Мәжнүн халмен сүйеді.

«Үндістанға аттанған көпес және оған тотықұс берген тапсырма туралы әңгімеде» Руми құсты адам жанының символына балайды. Құс ұшады, жан асқақтауға бейім, шыбын жанның қасиеті –құстың қос қанатында бедерленген. Әлем поэзиясы құс қауырсындарының астында қалықтайды.

Көпеске құсы былай дейді: «Кім құсалы, соны досы еске алсын. Бұл оған сор мен азаптың ауыртпалығынжеңілдетеді».

Особо если друга звать Лейлою,

Что о Маджнуне думает порою.

Тотықұс өз сыңарына сәлем айтқан екен. Көпес екеуін айырғанына өкініп, «құстардың денесі екеу болғанмен,жаны бір»деп шешті. Бұл тәмсілді ол Аттардың (1222 ж. өлген) «Құпиялар кітабынан» алған.

Суфизм адами қасиеттерді–Жасаған Ие Жарға деген махаббат арқылы қорғайды. Бұл–а дам баласын өсіреді, оны қорлатпайды. Құдайға ғашықтық–осы тұрғыдан асқақ. Шәкәрім«Жарға ғашықпын»дегенде, Алланың нұрына шөлдеген толық адам, кемел суфийдың жан сарайын айтады. Соның үшін Мәжнүн пайғамбар әрі ақын. Ләйлісі – Жар, Алла тағала ишарасы, суфийдің асығы. Пайғамбар асық, ақындығы махаббатында түюлі. Бірақ, бұл–тым құпиялы сүйініш, тылсым сезім. Оның олай болмағынЛәйлі образынан емес, Мәжнүннен көреміз. Ләйлі неге көрікті? Асылында, Мәжнүн–көркем.

ӨЛЕҢ - СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ

АБАЙ бата сұраған әулиелер

Ақберен ЕЛГЕЗЕК,
ақын, Қазақстан Жазушылар одағы төрғасының орынбасары

Ұлы Абай 1845 жылы дүниеге келді. Ал, одан 30 жыл бұрын, яғни, 1815 жылы әлем әдебиетінің асқар тауы, неміс поэзиясының «Алтын күні» аталған ұлы Гете, шығыс шайырларының шығармаларын оқып отырып, өмірінің осы кезеңіне дейін жазылған бар әдеби мұрасына секеммен қарай бастаған еді.

Әйгілі «Фаустың» авторы үшін шығыс шайырларының өлеңдері мүлде бөлек, өзге таңғажайып әлемді ашқан болатын.Гете бұл әлемді жасы жетпіске тақап қалған шағында тапты. Алпыс алты жыл бойы тек Батыс Еуропаның ауасымен демалып, тек Батыстың ой қазынасынан сусындаған Гете – ғұмырының аяқ жағында: «Рудаки, Фирдоуси, Низами, Саади, Хафиз, Хайям, Руми, Физули, Науаи, содан кейін мен» – деп, шығыс әдебиетінің ғұламаларын өзіне ұстаз тұтып, оларға ақ басын иеді.

«Абай қырық жасында өлең жаза бастаған» дейді абайтанушылар. Қанша жаста болса да, Абай әдебиет әлеміне жасағалы отырған ұлы сапарының басында:

«Фзули, Шәмси, Сәйхали,
Науаи, Сағди, Фирдауси,
Хожа Хафиз – бу һәммәси
Мәдәт бер я шағири фәрияд»– деп шығыстың жеті шайырынан бата сұрайды.«Шағири» – бұл жерде арабша –«ақын», «фәрияд» парсыша – теңдесі жоқ, асыл» дегенді білдіреді.

Теңдесі жоқ, асыл ақындардың ерекшелігі неде?

Қос алып бас иген шығыс шайырлары туралы біз не білеміз?

Әрине, Абайдың тізіміндегі ақындардың бүкіл ғұмырбаянын бір мақала ішінде қамтып кету мүмкін емес.

ФИЗУЛИ

Әзірбайжан халқының классикалық әдебиетінің негізін қалаушы Физулидің шын есімі – Мұхаммед ибн Сүлеймен. «Физули» – шайырдың әдеби псевдонимі, ол парсы тілінде «адуынды, бетпақ» деген мағына береді. Өзіне осындай әдеби ат алған ақын сол замандағы әділетсіз билеушілер мен елді қанап отырған надан шенеуніктерді аямай сынаған. Физули – қарапайым жанұядан

шыққанымен, Бағдат қаласында білім алып, медицина, астрономия, логика, математика, сонымен қатар ежелгі грек және шығыс философиясынан нәр алған өз дәуірінің бетке ұстар ғалымы болған. Физулидің негізгі қабырғалы шығармасы «Ләйлі мен Мәжнүн». Бұл дастан арқылы Физули мәңгілік ұлы махаббатқа сөзден қаланған зәулім ескерткіш қойып кетті. Физулидің шығармашылығы – түркі әдебиеті үшін ғана емес, күллі Таяу Шығыс әдебиетінің дамуына зор үлес қосқан, әлемдік сөз өнерінің жауһарлары қатарында.

ШАМСИ

Шамс ад-Дин Мұхаммед ибн Әли ибн Маликдад Тебризи – өз заманының беделді сопысы, мистицизм мен философияның терең білгірі. Түр-тұлғасы «адам көзі тоймайтын» сымбатты болған деседі, ал, оның ішкі әлеміне үңілген кісі үшін ғажайып, ерекше нұрлы имани әлем ашылады екен. Рухани тәжірибесі өте биік ойшылға жолыққан «адамзаттың ұлы ақындарының бірі Джалал ад-Дин Руми оған көзсіз ғашық болған», дейді. Джалал ад-Дин Румиге Шамси Тәңірге апаратын жолды нұсқап, тек рухани қуаты мықты адам үшін баянды болатын жаратылыс құпияларын ашыпты. Сопылық поэзиясының белді өкілі Шамсимен жолыққан ұлы Руми оны өзінің ұстазы ретінде мойындап, медреседегі оқуын тастап, түбегейлі поэзияға бет бұрыпты. Румидей ғажайып ақынға ұстаз бола білген, оған поэзияның сұлу ғаламын ашқан Шамси туралы ақпарат аз болғанмен, Румидің шығармашылығын зерттеуші ғалымдар, «Руми өз ғазалдарында көптеген ойларын Шамсидің атынан жазған» дейді.

НАУАИ

Әлішер Науаидің әдеби мұрасы өте бай. Біз өзбек халқының ұлы шайыры туралы айтылатын көптеген хикаяларының біріне ғана тоқталамыз. Осы хикаядан әйгілі ақынның биік парасаты мен үлкен адамгершілігіне тәнті боламыз. Алишер Науаи – терең білімінің арқасында Сұлтан Хусейн атты билеушінің тұсында бас уәзір қызметіне дейін көтеріледі. Науаи осы қызметте болғанда Герат қаласында кітапханалар, мешіттер мен медреселер, шипагерлік орталықтар және сол сияқты әлеуметтік маңызы бар нысандар көптеп бой көтерген екен. «Сұлтан өзінің Ақын уәзірін қатты қадірлеген» деседі.

Күндердің күнінде Науаи мұсылманның бес парызының бірін орындау мақсатында сұлтанға келіп, Меккеге қажылық жасап келуіне рұқсат беруін өтінеді. Оған сұлтан: «Сіз өзініңіздің имандылығыңыз бен рухани кемелдігіңіздің арқасында қажылыққа барып келген кез келген адамнан биік тұрсыз!» – деп жібермей қойыпты.

Арада біраз уақыт өткен соң, Науаи тағы да сұлтаннан рұқсат сұрай келеді. Сұлтан бұл жолы да: «Егер сіз Меккеге кетсеңіз, мені қоршаған әртүрлі жаман ниетті саяси күштер мені тақтан тайдырып жіберуі мүмкін, сондықтан, сіз маған осы кезде аса қажетсіз» – деп, тағы да ақынның қажылығына қарсы болыпты.

Үшінші рет рұқсат сұрай келген ақынды тоқтататын уәжі қалмаған сұлтан, ақыры, рұқсат берген екен. Қуаныштан алып ұшып, жолға жиналу үшін үйіне асығып келе жатқан Науаиге кедей отбасынан шыққан бір жас жігіт жолығыпты. Жас жігіт ақыннан жәрдем сұрауға арнайы келген екен. Науаиден сол кезде көмек сұрап келетін адамдарда есеп жоқ көрінеді. Жігітті қасына ертіп, үйіне жақындаған Науаиді есіктің алдында бір топ ақын-сазгерлер, кітап шығарушылар, суретшілер мен әдебиетшілер, аспазшы мен бағбандар, арбакештер мен ұсталар, ұстаздар мен молдалар және қарапайым халық күтіп тұрады. Жиналған жұрт Науаиді көре сала, аяғына жығылып: «Сіз қажылыққа кетсеңіз, біздің күніміз не болады? Сіз ғана мына халықтың қамын ойлап, мүддесін қорғайсыз! Қажылықтан бас тартыңызшы!» – деп жалынған деседі. Қалың бұқараның көңілін қалдыруға дәті бармаған ақын үйінде қалып, қасына ертіп келген жігітті адам санатына қосып, оны кейін өзінен қалған дүние-мүлікке мұрагер етіп тастап кетеді...

САҒДИ

Сағди – ұзақ өмір сүріп, жасы жүзден асып жығылғанда фәни дүниемен қош айтысыпты. Оның өмірі мен шығармашылығын зерттеушілер ақын ғұмырын үш 33 жылға бөліп қарастырады. Сағдидің алғашқы 33 жылы – білім алуға жұмсалса, кейінгі 33 жылы – жиһанкездікке арнапты, қалған 33 жылын – көрген-білгенін қағазға көшіруге қалдырған екен. Тәңірдің сыйға тартқан осындай ғұмырында ақын не көрмеді десеңізші!

Меккенің өзінде Сағди – 14 рет болған екен! Бір саяхатында ақын отқа табынатын үндістердің қолына түсіп, амалсыздан олардың дініне кіріпті. «Түнде күзетшіні таспен ұрып талдырып, жаңа дінге кіргізген халықтан қашып құтылған» деседі. Иерусалимнің маңындағы шөлдің ішінде қалың ойға беріліп келе жатқан шайырды крест жорығымен Шығысқа бет алған еуропа рыцарлары ұстап алыпты. Байғұс ақынды Сирияға дейін апа-

рып, жауынгерлер шайырға зындан қаздырып қойыпты. Ойда жоқта оны бір таныс саудагер көріп қойып, 10 алтын ділдәға сатып алып, құтқарып алыпты. Онымен қоймай, көрмегенді көрген Сағдиді үйіне әкеліп, әлгі саудагер бет-әлпеті ұсқынсыз, отырып қалған қызына зорлап үйлендіріпті. Мұндай азапқа шыдамаған ақын Африкаға қашып кетіп, артынан жаяу-жалпылы туған мекені – Шираз қаласына арып-ашып жеткен екен. Сағдидің ғажайып жырлары мен атағы тірі кезінде-ақ өз Отаны аумағынан ары асып кеткен. Әйгілі «Гүлстанның» авторы 1292 жылы Шираз шаһарында дүние салады.

ФИРДОУСИ

Адамзат тарихында атақты «Шахнамесімен» қалған шайырдың Фирдоуси деген есімі – әдеби псевдоним, шын атын білмейміз.

Фирдоуси – Жұмақтың аты, яғни, бұл сөз– «пейіштен келген» деген мағына береді. Фирдоуси ауқатты жанұяда дүниеге келгенімен, кейінгі өмірінде кедейшілік пен жоқшылықтан көз ашпаған. Жоқшылықтан құтылу үшін адам таңқаларлық поэма жазуды ойластыра бастайды. Ол дастан бүгін әлемдік әдебиет қазынасында алтыннан бағалы – «Шахнаме» еді. Ақын «Шахнамесін» жазып бітіріп, сол кездегі билеушіге сыйға тартпақ болады.

Әлемде көлемі бойынша, «Шахнамамен» тең келетін бір ғана дастан бар, ол – бірнеше авторлар жазып шыққан үнділік «Махабхарата» атты эпос. Ал, «Шахнамені» бір адам жазып шыққанын ойласаңыз, еріксіз автордың алдында құрметпен бас иесіз. Бұл өте асқан еңбеккорлықты, поэтикалық шеберлік пен терең білімпаздықты талап ететін еңбек.

Бірінен соң бірі ауыса беретін билеушілер Фирдоусидің үмітін ақтамай қояды. Ақырында, Фирдоуси дастанын – Махмұд Газневи деген билеушіге сыйға тартады. Өзі де тақпақ шимайлайтын сұлтан ақын еңбегін бағаламай, оқымай қояды. Соған ренжіген Фирдоуси сұлтан туралы ащы саяси сатира жазып, билеушінің қаһарына тиеді. Махмұд Газневи ақынды елден қуып жіберуге бұйрық береді.

Арада жылдар өтіп, «Шахнамені» оқыған сұлтан өз қылығынан ұялып, ақыннан кешірім сұрау үшін оншақты түйеге өңгерілген сый-сияпат жібереді. Аңыз бойынша, ақын тұрып жатқан шаһардың қақпасынан керуен кіріп келе жатқанда, бір топ адамдар Фирдоусидің мүрдесін жерлеуге қақпадан шығып келе жатыпты...

ХАФИЗ

Парсының ұлы ақыны Хафиз Шамсидин – Шираз қаласында 1325 жылы дүниеге келген. Хафиздің заманында ақындар арасында өте көп сайыстар өтіп тұрған. Сол сайыстарға өлең жаза бастаған Хафиз де қатысып, үнемі жеңіліп қалып жүреді. Өзінен үлкендері бала Хафизді келемеж қылып, әбден әжуалаған соң, болашақ ұлы шайыр, өзінен бір ғасыр бұрын өмірден өткен мистик ақын Баба Кухи Ширазидің мазарына барып түнейді. Бірнеше сағат бойы бабасының рухына жалынып жатқан бала ұйықтап кетеді. Хафиздің түсіне сол кезде бір ақсақал еніпті де: «Бара ғой, сен үшін білім мен ілімнің есіктері ашық» – депті. Сол түстен кейін бала шайырдың дарыны кеңінен ашылып, гауһар тастай жарқырай көріпті. Келесі бір айтыстарда» Хафизге бүкіл парсы елінен тең келетін ақын табылмаған» деседі. Атағы кең жайылған ақынды билеушілер өз сарайына шақыра бастайды. Өмірінің аяғына дейін Хафиз атақ пен даңқтың тәтті дәмін сезіп өтіпті. Алайда, өмірінің соңғы жылдарында, сол кездегі саяси жағдайларға байланысты жоқшылық пен кедейшіліктің азабын әбден тартқан екен.

Иранды басып алған Әмір Темір бір күні Хафизді шақыртқан көрінеді. Хафиз кіріп келген бойда, оған сұсты Әмір Темір: «Мен Самарқанд мен Бұқараны сәулетті шаһарларға айналдыру үшін, жарты әлемді қылышымның күшімен бағындырып жүргенде, сен қайдағы бір түріктің қызының меңі үшін сондай тамаша қалаларды бере салатын кімсің өзің?» – деп, кекетіп сұрапты. Оған Хафиз ойланбастан: «Менің үстім мен түріме қараңызшы, әміршім! Егер мен байлық пен дүниенің қадірін білетін болсам, мұндай кедей күйге түспес едім ғой!» – деп жауап қайырыпты. Мұндай жауапты күтпеген Ақсақ Темір күліп жіберіп, ақынға үлкен құрмет көрсетіп, сый-сияпат жасапты дейді.

Міне, ұлы Абай бата сұраған шайырлардың қысқаша өмірбаяны осындай. Гете мен Абай өздеріне ұстаз санаған Шығыс шайырларын оқыған адамзаттың тағы бір жыр алыбы А.Пушкин: «Шығыс өлеңдерінің табиғаты мен үшін үлкен сабақ, тамаша үлгі болды...» – деп мойындаған.

Ықшамдалды.
(ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНЕН).

Ләйлә і іздеген Мәжнүн

«Шығыстағы Ләйлі-Мәжнүн батыстағы Ромео мен Жулеттаға қарағанда – атақтырақ».
И.Ю.Крачковский.

...Негізгі сюжеті солтүстік Арабиядағы Бани Амир тайпасынан шыққан бұл дастанды орта ғасырда шығыстың классик шайырлары жарыса отырып жазған. Мәжнүн хақындағы алғашқы хикаялар Ибн Кутейбаның, Әбул Фараж әл-Исфаханидың еңбектерінде кездескенімен, бұл шығарманы алғаш болып барша әлемге паш еткен Низами болатын. Парсы әдебиетінде өз орнын тапқан Мәжнүн бейнесі Низамиден кейін Әмір Хосроу Дехлеуи, Әлішер Науаи, Физули, Шәкәрім секілді белгілі ақындардың шығармаларының басты кейіпкеріне айналған.

Олар дастанды жазу барысында бірінде жоқ дүниені екіншісі толықтыруға талпынғанымен де, Низами жырлаған қалыптан алшақ кете қоймаған. Десек те, уақыт өткен сайын шығармадағы Мәжнүн бейнесі жұмбақталып, сопылық астар алып отырғанын жоққа шығаруға болмас. Алғашында араб әдебиетінде жырланған бұл дастанда діни элементтер кездеспеген болса, парсы һәм түркі әдебиетіне келген кезде сопылық әдебиеттің әсеріне ұшырай бастады.

Мәжнүн бейнесі – Ахмет Иасауи, Сүлеймен Бақырғани, Фаридәддин Аттар мен Жалаладдин Руми, Машраб шығармашылығында Хақты іздеген ғариф ретінде көрініс берді.

...Ләйлі-Мәжнүн дастанының бар құндылығы сопылық астар алғанында жатыр. Егер бұл шығарманы сол тұрғыдан талдайтын болсақ, онда дастанның ішкі сюжеттері тұрмақ, тақырыбының қыр-сыры да ашыла түспек.

...Арабша «Мәжнүн» деген жынды демек,
«Мәжнүн» деп ат қойылды оның үшін, – деп Шәкәрім қажы жырлағандай, «Мәжнүн» араб тілінде «жынданған» деген мағына берсе, сол тілде «Ләйлі» деген «түн» деген мағына береді.

Енді жынды адамның – қараңғы түнде іздеген нәрсесін табуы мүмкін бе?! «Қараңғы бөлмеде қара мысықты іздеп табу қиын, егер мысық бөлмеде болмаса, оны іздеп табу тіптен қиын» деп Қытай ойшылы Конфуций айтқандай, жынды тұрмақ дені сау адамның іздеген нәрсесін табуының өзі күдікті нәрсе. Яғни, шығарманың тақырыбынан Мәжнүннің бұ дүниеде өз мұратына жете алмайтындығына шығарманы оқымай тұрып-ақ көз жеткізуге болады. Сонда Қайыс ақынды жынды етіп, есінен адастырған кім немесе қандай күш?

Осы орайда, Әбу Бәкір Шиблидің:
«Адамдар менің ғашық екенімді білгенімен де,
Ғашығымның кім екенін ешкім де білмейді», –дегені еске оралады.

Бұл сұрақтың жауабын Шәкәрім берген:
«Менің жарым – қыз емес,
Хақиқаттың шын нұры...»

...Иасауидің – өзін Мәжнүнге теңегені сияқты жыр-жолдарды ортағасырлық сопы ақындардың бәрінен де кездестіруге болады. Себебі, Мәжнүн жолы – жүрек арқылы Хақты тану әрі Онымен қауышу жолы. Атақты мутасауф Баязид Бистами түсінігіндегі Мәжнүн – Хақ жолындағы ғашық адам.

Бұл дастанда Жүсіп-Зылиха, Тахир-Зуһра, Фархад-Шырын сықты әуелі жігіт аты аталмайды, қайта Ләйлі-Мәжнүн болып, қыздың атымен басталады. Сонда «ер кісінің жолы әйелдікіне қарағанда бір саты жоғары деп есептейтін мұсылман жұртында неге әйел затын бірінші орынға қойған» деген орынды сұрақ туады. Себебі, мұндағы Ләйлі – қыз аты емес, ол бұл дүниеде Ләйлі сипатында көрініс тауып, жұрттың бәрін өзіне мәжнүндей ынтық ететін Илаһи бір күш. Яғни, ойымызды түрік ғалымы Усман Нурий Тупбаштың сөзімен айтар болсақ: «Ләйлі көңілдерді мәжнүн етіп, тойымсыз нәпсіні жоққа шығарған илаһи (тәңірлік) бір ғашықтықтың көрінісі».

...Жүрегінде ғашық оты жанғаннан бері Мәжнүннің кезетін жері – бетпақдала. Мәжнүннің жұрттан бөлініп, айдалаға қарай қашуы – оның ғашықтық әлеміне біржолата кіргенінен хабар береді. Ал, ғаріптердің түсінігіндегі бетпақдала – шексіз махаббаттың символы. Дастандағы Мәжнүн сияқты дала кезіп кеткен Ғашықтар аз болмаған. Бұған сопының белді өкілі Имам Ғазали мен қазақтың соңғы ғашықтарының бірі – Шәкәрімнің өмірінің соңына таман елден бөлініп, жалғыз өмір сүргендігі мысал бола алады.

Елсізге шығып алып Қайыс жатты,
Бір тауға тігіп алып алтын шатыр, –деп жырлаған ақын өмірінің соңында өз кейіпкерінің кейпін киді.

...Айдалада лағып жүрген Мәжнүнді Ләйлінің өзі іздеп келеді. Ол ұйықтап жатқан Мәжнүнді оятқанда, ғашықтықтан жынды атанған ақын Ләйліні танымайды. Ләйлі өзін таныстырғанда ол:

Мәжнүн егер жүз болса да мейлі,
Ләйлінің екеу болуы – көп қате, –дейді. Осы жолдарды ақынның өзі былайша түсіндіреді:

«Мәжнүннің қалағаны Мәула (Тәңірінің нұры) еді...»

Яғни, мұнда Мәжнүннің әйел затына емес, Жаратушының жамалына ғашық екендігі анық айтылады. Мәжнүн «Ләйлінің екеу болуы – көп қате» деп, Жаратқанның жалғыз екенін алға тартып отыр.

Сондай-ақ, «Ғаріпнама» дастанында:
Мәжнүннің көргені – Мәуланың бейнесі еді,
Алайда, Мәжнүн оны Ләйлі деп атады, – деген жолдар бар. Сондай-ақ:
Аузынан аһ дегенде жалын шығып,
Деді де талып кетті, Ләйлі, Ләйлі!
Немесе:
«Ләйлі» деп зар қағады тынбай жылап,
Жүреді кешке жақын қайыр сұрап...

...Біздің ойымызша, дастандағы Мәжнүннің ауызынан тастамайтын «Ләйлісі» – мұсылманша имани куәліктің қысқарған түрі болуы мүмкін. Себебі, шығармадағы «Лә иләһә илаллаһ» деп күніне бірнеше есе қайталау – ақиқатты іздеуші сопылардың негізгі зікірі болған. Бұл тасбихтың өзге зікірлерден айырмашылығы, оның сырттай айтылуында жатса керек. Егер осы сөзіміз рас болса, онда дастанның тақырыбы не үшін «Ләйлі-Мәжнүн» деп аталғандығының сыры ашыла түседі. (Низами, Науаи, Физули шығармалары да осылай аталады. Тек Әмір Хосроу Дехлевиеің дастаны кейде «Мәжнүн және Ләйлі» деп аталады.Т.Қ.). Яғни, Усман Нурий тұжырым жасағанындай, бірінші – Алланың нұры аталады да, екінші – Хақ жолында жынды атанған ғашықтың аты жазылады.

...Сондай-ақ, дастанның сюжеттерінде Мәжнүнді шешесі емес, бір кемПІР келіп емізетіні айтылады. Сүт – рухани ілім. Пайғамбар хадистерінде түсте көрілген сүттің өңде – ілім, білім екені айтылады.

Сөз соңында айтарымыз, ««Ләйлә-Мәжнүн» дастанын жүрек көзімен оқу керек» дегіміз келеді.

Төрәлі ҚЫДЫР,
Abai.kz



Индекс – 74974

1 жылға жазылу бағасы:
10 000 тг

6 айға жазылу бағасы:
6 000 тг

t.me/sarasoz

sarasoz.kz

Сарасөз журналы

+7 702 839 86 88